«Балалар жылы -2022» аясында балалардың бірлік, ынтымақтастық туралы түсініктерін кеңейтіп, көп ұлтты халқымыздың тыныштығы мен бірлігін нығайтуға ат салысатын азамат болуға тәрбиелеу мақсатында 2,5 сынып оқушыларының қатысуымен 1 мамыр бірлік, татулық, ынтымақ мерекесіне концерттік бағдарлама өтті.

Отан қорғаушылар күніне орай «Ұранды елдің- ұрпағы қайсар» атты тәрбие сағаттары , ер балалар арасында сайыс өтіп, ардагерлерге арналған мұражайға саяхат жасады.

Жазғы уақытта оқушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында "Су қауіпсіздігі шараларының алдын-алу" іс-шарасы өткізілді. Соңғы жылдары суға шомылу маусымында судағы қауіпсіздік шараларын сақтамау, ата-аналар балаларын қараусыз қалдырғаны салдарынан қайғылы жағдайлар көбейген, осыған орай мектеп оқушыларымен профилактикалық әңгімелесу, сұрақ-жауап, кеңес беру жұмыстары өткізіліп, жадынамалар таратылды.

Үйірме жұмыстары 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдары

Мектептің тәрбие жұмысы жүйесінің маңызды буыны қосымша білім беру жүйесі болып табылады. Мектептің біртұтас білім беру кеңістігін қалыптастыру, білім сапасын арттыру және әртүрлі дамып келе жатқан ортада мектеп оқушыларының жеке тұлғасын қалыптастыру процесін жүзеге асыру мақсатында негізгі білім берудің қосымша құрамдас бөлігі болып табылатын сыныптан тыс жұмыстар ұйымдастырылады.

Спорттық секциялардың жұмыс кестесі 2021-2022 оқу жылы

№	Секциялар атауы	Жетекшілері	Өтілу мерзімі
1	Баскетбол	Т.Хурманбай	Дүйсенбі сағат 15.30-17.30
2	Волейбол	Қ.Қ.Жанұзақов	Сәрсенбі сағат 16.00-16.45
3	Тоғызқұмалақ	Т.Хурманбай	Бейсенбі сағат 15.30-16.30
4 5	Жеңіл атлетика	Т.Хурманбай	Жұма сағат 15.30-16.30

6	Шахмат Дойбы	Т.Хурманбай	Сейсенбі сағат 15.30-16.30 Бейсенбі сағат 16.30-17.30
7	Үстел теннисі	Қ.Қ.Жанұзақов	Сейсенбі сағат 16.00-16.45
8	Футбол	Қ.Қ.Жанұзақов	Сәрсенбі сағат 16.30-17.20
9	Қазақшы күрес	Қ.Қ.Жанұзақов	Дүйсенбі-бейсенбі сағат 15.30-17.30
10	Асық ату ойыны	Қ.Қ.Жанұзақов	Жұма сағат 15.30-16.30

**Сабақтан тыс үйірме жұмыстарының кестесі
2021-2022 оқу жылы**

№	Үйірмелер атауы	Жетекшілері	Сынып	Өтілу мерзімі
1	«Бізді қоршаған орта»	Г.С.Байсалбаева	4	Сәрсенбі сағат 15.30-16.15
2	« Шебер қолдар»	Г.К.Ахметова	5-7	Сейсенбі сағат 16.30-17.15
3	«Жас физиктер»	С.С.Доскельдинова	7	Сейсенбі сағат 15.30-16.15
4	«Туған тілім – тірлігімнің айғағы»	Л.Бұғыбай	5-6	Сәрсенбі сағат 16.45-17.25
5	«Гүл- ғажайып дүние»	К.Көкенай	5-8	Дүйсенбі сағат 16.30-17.15
6	«Логика әлемі»	А.З.Тулеубекова	7	Сәрсенбі сағат 15.30-16.15
7	«Логика әлемі»	А.Т.Бабатай	2	Сәрсенбі сағат 15.30-16.15
8	«Тіл дамыту»	А.С.Аменова	3	Дүйсенбі сағат 15.30-16.15
9	«Занимательная грамматика»	А.С.Арынжановна	5	Сәрсенбі сағат 15.30-16.15
10	«Айкөркем	О.И.Жанұзақова		Сейсенбі-Бейсенбі 16.00-17.00

**Спорттық секциялардың жұмыс кестесі
2022-2023 оқу жылы**

№	Секциялар атауы	Жетекшілері	Өтілу мерзімі
1	Баскетбол	Т.Хурманбай	Дүйсенбі сағат 16.30-17.30
2	Волейбол	Қ.Қ.Жанұзақов	Бейсенбі сағат 16.00-16.40
3	Тоғызқұмалақ	Т.Хурманбай	Бейсенбі сағат 16.30-17.30
4 5	Жеңіл атлетика	Т.Хурманбай	Жұма сағат 15.30-16.30
6	Шахмат Дойбы	Т.Хурманбай	Сейсенбі сағат 16.30-17.30 Бейсенбі сағат 16.30-17.30
7	Үстел теннисі	Қ.Қ.Жанұзақов	Сейсенбі сағат 16.30-17.30
8	Футбол	Қ.Қ.Жанұзақов	Сәрсенбі сағат 16.30-17.30
9	Қазақшы күрес	Қ.Қ.Жанұзақов	Дүйсенбі-бейсенбі сағат 15.30-17.30
10	Асық ату ойыны	Қ.Қ.Жанұзақов	Жұма сағат 15.30-16.30

**Сабақтан тыс үйірме жұмыстарының кестесі
2022-2023 оқу жылы**

№	Үйірмелер атауы	Жетекшілері	Сынып	Өтілу мерзімі
1	«Айналаны танып біл»	Г.С.Байсалбаева	1	Дүйсенбі сағат 16.00-17.00
2	« Шебер қолдар»	Г.К.Ахметова	5-6	Сәрсенбі сағат 15.30-16.20
3	«Көркем жазу»	Б.Ж.Шарипжанова	2	Дүйсенбі сағат 15.30-16.30
4	«Туған тілім – тірлігімнің айғағы»	Л.Бұғыбай	5-6	Сәрсенбі сағат 15.30-16.20
5	«Гүл- ғажайып дүние»	К.Көкенай	5-8	Бейсенбі сағат 15.30-16.20
6	«Логика әлемі»	А.З.Тулеубекова	8	Сейсенбі сағат 15.30-16.20
7	«Шебер қолдар»	А.Т.Сағадат	2-6	Сейсенбі сағат 15.30-16.20 Бейсенбі 15.30.-16.20

**Спорттық секциялардың жұмыс кестесі
2023-2024 оқу жылы**

№	Секциялар атауы	Жетекшілері	Өтілу мерзімі
1	Баскетбол	Т.Хурманбай	Дүйсенбі Сәрсенбі сағат 16.00-17.00
2	Волейбол	Қ.Қ.Жанұзақов	Бейсенбі сағат 17.00-18.00
3	Тоғызқұмалақ	Т.Хурманбай	Бейсенбі сағат 16.00-17.00
4	Жеңіл атлетика	Т.Хурманбай	Сенбі сағат 15.30-16.30
5	Шахмат Дойбы	Т.Хурманбай	Сейсенбі сағат 16.00-17.00 Жұма сағат 17.00-18.00
6	Дойбы	Т.Хурманбай	Сейсенбі сағат 16.00-17.00
7	Үстел теннисі	Қ.Қ.Жанұзақов	Сенбі сағат 16.00-17.00
8	Футбол	Қ.Қ.Жанұзақов	Сейсенбі сағат 17.00-18.00 Жұма сағат 16.00-17.00
9	Қазақшы күрес	Қ.Қ.Жанұзақов	Дүйсенбі- Сейсенбі сағат 15.30-17.30
10	Асық ату ойыны	Қ.Қ.Жанұзақов	Жұма сағат 15.30-16.30

**Сабақтан тыс үйірме жұмыстарының кестесі
2023-2024 оқу жылы**

№	Үйірмелер атауы	Жетекшілері	Сынып	Өтілу мерзімі
1	«Сөз өнері»	М.Тасболатқызы	2	Дүйсенбі сағат 16.00-17.00
2	« Шебер қолдар»	Г.К.Ахметова	5-7	Сәрсенбі сағат 15.30-16.20
3	«Көркем жазу»	А.К.Даутова	1	Сәрсенбі сағат 15.30-16.30
4	«Туған тілім – тірлігімнің айғағы»	Л.Бұғыбай	5,6,7	Сәрсенбі сағат 15.30-16.20
5	«Гүл- ғажайып дүние»	К.Көкенай	5,6	Бейсенбі сағат 15.30-16.20

6	«Логика әлемі»	А.З.Тулеубекова	7	Сейсенбі сағат 15.30-16.20
7	«Айкөркем» би үйірмесі	М.Тасболатқызы	1-7	Серсенбі,Бейсенбі сағат 15.30-16.20
8	« Сөз өнері»	Б.Ж.Шарипжанов а	3	Сәрсенбі 15.30-16.20

2023-2024 оқу жылында пән үйірмелерінің негізгі мақсаты оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыру, оқушылардың логикалық ойлау, жан-жақты дамыту және шығармашылық қабілеттерін ашу. Оқушылардың сабақтан тыс бос уақытын қамту бойынша спорттық секция жұмыстар саны- 10. «Тоғызқұмалақ», «Жеңіл атлетика», «Үстел теннисі», «Футбол» ,«Волейбол», «Қазақша күрес». «Баскетбол», «Шахмат» ,« Дойбы» , «Асық ату ойыны» . Сабақтан тыс үйірме жұмыстарының саны-7

«Туған тілім-тірлігімнің айғағы» атты үйірмесінде -8 оқушы әр аптаның сәрсенбі күндері жұмыс жасайды. Үйірмеге 5,6 - сынып оқушыларынан құрылған 7-оқушы қатысады. Мақсаты ана тіліміздің қолдану аясын кеңейту, тіл байлығын арттыру мен қатар сөздік қорларын молайту және тілге деген қызығушылықтарын арттыру болып табылады.

«Шебер қолдар» қол өнер үйірмесіне 8- оқушы қатысады. Үйірмесі сейсенбі,бейсенбі күндері өткізіледі.Құрылған жоспар бойынша үйірмеге оқушылар өздігімен еңбек етуге, өз қиялдары бойынша, шеберліктерін дамыту, бірнеше бұйым түрлерін жасап, тұрмысқа қажетті заттарды тоқып үйрену, ілмек бізбен тоқу, табиғи материалдармен жұмыс істейміз.

«Гүл- ғажайып дүние» үйірмесіне 6 - оқушы қатысады. 5,6 сынып оқушылары қатысады. Мақсаты әр оқушының оның қабілеті мен мүмкіндік деңгейін біліп оқыту.Оқушының іздене, ойлана білуге баулау, еңбектенуге тәрбиелеп, өз бетінше жұмыс істеу қабілетін арттыру. «Логика әлемі» үйірмесіне 6- оқушы қатысады , сейсенбі күндері өткізіледі. 7 сынып оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыру мақсатында, есеп шығаруға баулауға үйрету. «Сөз өнері » үйірмесіне дүйсенбі күндері 2 -сынып оқушылары қатысатын оқушылар саны - 4. « Көркем жазу» үйірмесіне 1- сынып оқушылары қатысады. Дүйсенбі күндері өткізеді оқушылар саны -3.

Спорттық секция жұмыстарының мақсаты

- а) Оқушылардың денсаулығын нығайту;
- ә) Дене шынықтыру мәдениетін қалыптастыру;
- б) Өзін –өзі тәрбиелеу мен өзін-өзі жетілдіру себептерін белсенді ету.
- в) Волейбол ойынының теориялық білімін практикамен ұштастыру арқылы әдіс-тәсілдерін меңгерту;

«Баскетбол» 18- оқушы. «Футбол» 13- оқушы, «Волейбол» 14- оқушы, «Жеңіл атлетика» 13- оқушы, «Асық ату» 10- оқушы, «Үстел теннисі» 10- оқушы, «Қазақша күрес» 10- оқушы, «Тоғызқұмалақ» 13-оқушы, «Шахмат» 14-оқушы, «Дойбы » -18 оқушы қатысады.Спорт секцияларына мектеп оқушыларынан 100-пайыз қатысады.Облыс, аудан көлемінде жарыстарға қатысып, жеңіске жеткен оқушылар баршылық.Оқушылар спорттық жарыстарға белсене қатысады.

Үйірме жұмыстары балалардың өмірін бай және қызықты етіп, физикалық, интеллектуалдық, шығармашылық, адамгершілік және рухани дамуына барынша жағдай жасайды.

2022-2023 оқу жылы

Қазақстандық патриотизм және азаматтық, құқықтық тәрбие.

1 қыркүйек күні мектеп ауласында салтанатты жиын өтті. Жиынға 1-10 сынып оқушылары, 1 сынып ата-аналары мен мектеп ұстаздары және құрметті қонақ ретінде Майқайын кент әкімі Е.Г.Молдатаева пен аудандық білім бөлімінің әдіскері Г.К.Кошанова қатысты. 1сынып оқушылары өлең шумақтарын оқып, Қуаш Нарғыз және Қанат Ержанатқоңырау соқты.

Салтанатты жиыннан соң 1-10 сыныптарға сыныпта 32 оқушыға **«Білімге ұмтылу: Еңбексүйгіштік пен Отаншылдық»** атты сынып сағаттары өткізілді. Сынып жетекшілер Қазақстанның тәуелсіздігі мен егемендігінің қазақ тарихындағы алатын орнын,құндылығын оқушылардың сана-сезіміне сіңірту. Жас ұрпақтың бойында жоғарғы патриоттық сананы қалыптастыру,өз елі үшін мақтаныш сезімі,Отанының мүдделерін қорғау жөніндегі азаматтық борыш пен конституциялық міндеттерді орындауға тәрбиелеу жайында айтылды.

Облыстық "Менің туым" жобасы аясында «Білім» күніне арналған салтанатты жиында туды көтеру рәсімі орындалды. Туды алғашқы әскери дайындық пәнінің мұғалімі Б.К.Нугербаев бұйрық бергеннен кейін мектеп президенті әрі 10 сынып оқушысы Кәкім Дәмірбеккөтерді.

Салтанатты жиында 1 сынып оқушылары ту бейнелі жалаушаларын ұстап шықты. **«Білімге ұмтылу: Еңбексүйгіштік пен Отаншылдық»** атты сынып сағаттары өткізіліп, рәміздер туралы апқарат берілді.

Осы күні 1 сынып оқушыларының ата-аналарымен және оқушылардың психикалық денсаулығын сақтау, мектеп ережелерімен таныстыру жөнінде жиналыс өтті. Өткізген психолог К.К.Абиьдина

25 қазан Республика күніне арнайы жоспар құрылып, іс-шаралар атқарылды. 2-4 сынып оқушылары арасында «Көңілді старт» спорттық жарыс өткізілді. Оқушылар 3 командаға бөлініп, секіртпемен секіру, доппен жүгіру, арқан тарту, доппен секіру, допты себетке салу сынды ойын түрлерімен жарысты. Ойын қызықты ,әрі тартысты өтті. Жарыс соңында жеңімпаз командалар марапатталды. 4 сынып оқушылары арасында «Менің Отаным-Қазақстан» атты сурет салу конкурсы өтті. Оқушылар Қазақстанның табиғаты мен әсем жерлерін суреттеді. «Республика күніне» орай мектеп кітапханасында көрме ұйымдастырылып, оқушылар Отан, Туған жер , Қазақстан, Елтаңба, Рәміздер жайында өлеңдерді мәнерлеп оқыды. Сонымен қатар жалпы мектепте таңертеңгі уақытта 1-10сынып оқушылары мен ұстаздары жаппай Әнұран орындады.

1-10 сынып оқушылары арасында сынып жетекшілердің ұйымдастыруымен «Қазақстан- Менің Отаным» атты сынып сағаттары өткізілді. Сынып сағаттарында сынып мерекеге сай безендірілді. Республика күні қайта аталып өтілетіні, еліміздің мақтаныштарымен, отан туралы айтылды. Жарыс, сайыс сабақтар ұйымдастырылды.

«Жаса мәңгі, қыран елім Қазақстаным!» атты мерекелік концерттік

бағдарлама ұйымдастырылды. 1,6 сынып оқушылар өлең жолдарын оқып , мерекеге сай ән байтып, мың бұрала биледі. Қазақ хандығы бойынша көрініс көрсетілді. Мерекелік концерттік бағдарламадан соң ата-аналар ұлттық тағамдардан жәрмеңке ұйымдастырды. Жалпы іс-шараға 18 мұғалім, 32 оқушы, 19 ата-ана қамтылды.

Тәуелсіздік күніне орай «Балапан» шағын орталықта тәрбие сағаты өткізілді. 9 сынып оқушыларымен тарих пәнінің мұғалімі Б.Ж.Шарипжанова Тәуелсіздік күніне орай тарихи танымдық сабақ өткізді.

Тәуелсіздік күніне орай 5-10 сыныптар аралығында сынып жетекшілердің ұйымдастыруымен «Тәуелсіздік – баға жетпес байлық!» атты сынып сағаттары өткізілді. Сынып сағаттары барысында презентациялар, бейне фильмдер көрсетіліп, постер қорғалып, сұрақтарға жауап жеріп , тапсырмалар орындалды.

1-10 сыныптар аралығында жиын өткізіліп, 2,5 сыныптар Жас Ұлан, Жас қыран қатарына қабылданды.

9-10 сынып оқушыларымен Б.К.Нугербаев ұйымдастыруымен «Жас Ұлан-2022» атты әскери спорттық сайыс өткізілді. Сайыс соңында 1 орынды 10 сынып, 2 орынды 9 сынып, 3 орынды 7 сынып оқушылары иеленді. Жеңімпаздар мақтау қағазымен марапатталды.

Ақпан айында 8-10 сынып оқушыларының қатысуымен «Ауғанның асуында от кешкендер!» атты өмірінің өлшеулі бір бөлігі, жауқазын жастық шағының сүбелі үлесін оқ пен от астында өткізіп, тағдырдың жауызымен елге аман – сау оралып, туған жерімен қауышқан майдангер, ауған соғысының ардагері, ауылымыздың тумасы Қайланов Мереке Төлеутайұлымен кездесу ұйымдастырылды.

Іс-шараның мақсаты оқушыларға Ауған соғысы жайлы толық мәлімет беру, ардагер ағалармен ашық әңгімелесу, сұхбаттасу, өз Отанына шексіз берілген, патриоттық рухы жоғары, қайсар жауынгер ағалардың ерлігін үлгі ету. Ауған соғысында опат болған жауынгерлердің рухына тағзым етуге, есімдерін қастерлеуге тәрбиелеу, оқушыларға патриоттық тәрбие беру.

Кездесу барысында оқушыларға Ауған соғысы жайлы қысқаша мәлімет беріліп, бейне фильм көрсетілді. Ардагер ағамызға уақыт пен тарихтың мәңгі жадында қалған оқиғалары мен өз басынан өткергенін айтып, оқушылар қойған сұрақтарға жауап беріп, еліміздің патриоты болыңдар деп тілек білдірді. Оқушылар ардагер ағамызға арнап өлең жолдарын оқып, 9-10 сынып оқушылары автоматты бөлшектеп және жинау тәсілін көрсетті. Кездесу соңында 6 сынып оқушысы Ғабдуғазиз Мирас «Көк тудың желбірегені» әнімен аяқтап, қорытынды сөзін алғашқы әскери дайындық пәнінің мұғалімі Б.К.Нугербаев ардагер ағамызға уақыт тауып келгеніне алғыс айтып, ұзақ ғұмыр, денсаулық, жанұясына бақыт тіледі!

Құқық бұзушылық пен қылмыстың, балалардың қараусыз қалуының алдын алу.

Оқушылармен құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында «Құқықтық сан-қауымға пана» атты 7-10 сынып оқушыларымен тәрбие сағаты ұйымдастырылды. Тәрбие сағатына Баянауыл полиция бөлімінің лейтеинанты Нығымет Дидар Кайроллаұлықатысып құқықбұзушылықтың алдын алу, жыныстық тиіспеушілік бойынша дәріс оқыды. Құқық бұзушылықтың алдын

алуға байланысты презентация көрсетілді. Қазіргі уақыттағы жасөспірімдер мәселесі талқыланды. Көптеген нақтыланған мәліметтерді, ақпарат құралдарында жария болған фактілерді келтіре отырып түсінік мағынасында пікір алмасты. Құқықбұзушылық дегеніміз не? Сұрағына оқушылардың жауаптары тыңдалып, тәрбиелі болуға шақырды. Оқушылар «Құқықбұзушылыққа жол жоқ!», себебі біз бейбіт өмірде тұрамыз деп ұрандатты. Құқықтық сана, құқықтық сауаттылық жөнінде ойлар айтылды. Оқушыларға түнгі уақытта көшеде жүрмеуін, мотоцикл, машина т.б көліктерге отырмауларын ескертті. Жалпы іс-шарада 34 оқушы қамтылды.

Қазан айында мектепте таңертеңгі сабақ уақыты кезінде өрт қауіпсіздігі мен төтенше жағдайға байланысты оқу-жаттығу өткізіліп, дабыл қоңырауы соғылды. Мектеп ішіндегі ұстаздар, қызметкерлер, оқушылар сыртқа шығатын жақын есіктерден , ғимаратты тастап жүгіріп шықты. Бұл оқу-жаттығу балалардың өрт қауіпсіздігі ережелері туралы білімдерін қалыптастырып, қауіп төнген кезде өздерін қорғай білуге үйрету болып табылады. АӘД пән мұғалімі Б.К.Нугербаев оқушылармен ұстаздарға ғимаратта өрт бола қалған жағдайда, қалай шұғыл далаға шығу жолдарын тексеріп, көрсетіп өтті. Жалпы оқу-жаттығуға 52 оқушы мен 19 ұстаз, 13 қызметкер қатысты.

Мектебімізде оқушылар арасында құқық бұзушылықтың ,зорлық-зомбылықтың алдын алу мақсатында 5-6 сыныптар аралығында тәрбие сағаты өтті. Тәрбие сағаты барысында тақырыпқа сай презентация көрсетіліп , оқушылар постер қорғады. Балалар құқығы жайлы айтылды. Сонымен қатар әлеуметтік ұстаз Т.Е.Жумабаева 5-10 сынып оқушыларына қысқы уақыттағы қауіпсіздік, төтенше жағдайлар кезіндегі қауіпсіздіктің алдын алу туралы бейне жазбалар көрсетіп, сақтану жолдарын көрсетіп өтті.

Желтоқсан айында Адам құқықтарын қорғау күніне орай құқық пәнінің мұғалімі Б.Ж.Шарипжанова 9 сынып оқушыларымен құқық туралы, бала құқықтары туралы дөңгелек үстел ұйымдастырды.

Құқықтық тәрбиемен оқытудың күрделі мәселелерін шешуде, құқықтық мәдениетті қалыптастыруда құқық қорғау органдарының қызметкерлерінің қатысуы үлкен рөл атқарады. Құқық қорғау органдарымен бірге мектеп ұжымы жедел профилактикалық іс-шараларына қатысады.

«Зиянды заттар зардабы» тақырыбында сынып сағаты өткізілді. «Жасөспірім және Заң» , «Заңды білу заман талабы» тақырыбында дөңгелек үстел өтті. «Мектептегі зорлық-зомбылық түрлері,буллинг тақырыбында іс-шаралар өтті. «Қатыгездіксіз зорлық-зомбылық» жұмыстары үнемі жүргізіліп отырады.

«Зорлық –зомбылыққа қарсымыз» «Зорлық зомбылықсыз балалық шақ» тақырыбында лекция оқыды. Оқу жылы ішінде кәметке толмағандардың қылмыс мәселелері бойынша білім алушылар мен және ата-аналармен әңгімелесулер,кездесулер ұйымдастырылды.Әлеуметтік педагог күнделікті тексеріс жүргізеді, сабақты жиі босататын оқушыларды анықтайды, ал сынып жетекші сабақты босату себептерін анықтайды.

Параметрлері/оқужылы	2021-2022	2022-2023	2023-2024
Үлгермеушілер саны	0	0	0
Келмеушілер саны	0	0	0
Тұрақсызкелушілер саны	0	0	0

Оқудан жалтарған білім алушыларды анықтау, қаңғыбастықпен қайыр сұраудың жолын кесу, түнгі уақытта ойын-сауық орындарында, көп жиналатын орындарда балалар мен жасөспірімдердің болуына жол бермеу мақсатында рейдтер жүргізілді:

Үш жылдағы рейдтер саны

Оқужылы	2021-2022	2022-2023	2023-2024
Рейдтер	0	0	0

<https://www.instagram.com/p/CzVNITcIAOQ/?igsh=OXZ6b2Vra2xyb3B1>

Оқу жылы ішінде 9-кеңес отырыстары(айына1рет)өткізіледі, онда құқықбұзушылықпен тіркелген оқушы анықталмады.

Оқу жылы	2021-2022	2022-2023	2023-2024
Мектепшілік есепте тұрған оқушылардың саны	0	0	0
ГЮПта есепте тұрған жасөспірімдер саны	0	0	0

Соңғы 3 жылдағы ПБ және МІБ оқушылар саны:
Мектебіміздің оқушылары ПБ және МІБ да жоқ.
Құқық бұзушылық факторлар тіркелген жоқ.

№	2023-2024 оқужылы	Іс-шараның атауы	Сілтеме
1		"Жол жүру ережесі", "Құқықбұзушылық (түндежүру) алдын алу", "Терроризм мен экстремизм – замануи өркениеттің басты қауіп-қатері"	https://www.instagram.com/p/C3W93HWojrK/?igsh=cHByaTF5dnFidnly
2		Біріңғай профилактикалық сағат	https://www.instagram.com/reel/C1GuN4LI0RD/?igsh=cWV5Znptc2xqbGd2
3		Зиянды әдеттер денаулақ болайық	https://www.instagram.com/p/C0BfAwOI9S9/?igsh=MXhqMnc5dXUxNnFubg==
4		Буллинг	https://www.instagram.com/reel/C0BJWYRI9E/?igsh=c2xiZnl3Ym5wMDNm
5		Кибербуллинг	https://www.instagram.com/reel/C0BBsrEouTA/?

			igsh=MW8wMWI0OW1samF00Q==
6		Нашақорлық-ғасыр дерті	https://www.instagram.com/p/Cz-pRcSIwwW/?igsh=MTFqd2RpbGxyZXB0YQ==
7		Түнгі рейд	https://www.instagram.com/p/Cz7oengIl-Z/?igsh=amVqYnZrdnM3Mmhl
8		Бала құқығы-асыл қазына эссе	https://www.instagram.com/p/Cz59vRsoMO3/?igsh=MWFoc3k0dTRpNm45aQ==
9		Бала құқығы-асыл қазына эссе	https://www.instagram.com/p/Cz5rWPAo_5M/?igsh=MXNjMTRkaHZxajBlbg==
10		Мен және менің құқығым	https://www.instagram.com/p/Cz5rU9MoOuf/?igsh=Ym9seWNjcnJuNmZs
11		Бақытты балалық шақ 3-сынып	https://www.instagram.com/p/Cz5rTuiIq_p/?igsh=MW83dnJvNndvdHIxaQ==
12		Бақытты балалық шақ 2-сынып	https://www.instagram.com/p/Cz5bYM7o2JP/?igsh=MTh2eXpkMzZvYWws3Nw==
13			https://www.instagram.com/p/Cz5bYEDAY_4/?igsh=dHlxaXZvdzF2eDA0CzmKkmo0lvr/
14		Зорлық –зомбылықсыз балалық шақ 1-2 сынып	https://www.instagram.com/reel/Czs_Rx1H9q/?igsh=MTFR1OXISN3FVMZNIbg==
15		Токта! Зорлық -зомбылық	https://www.instagram.com/p/CzYUMN9I357?igsh=MW60dWgzdW1xYwXINw==
16		Буллинг, Зиянды заттар зардабы	https://www.instagram.com/reel/Cz5rcaZ3Ov/?igsh=eDBVNH2cnZ4N2c4CzVRJNoopm/?igsh=ZjF1bXhjdXd0ZnNu
17		Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ, Жолда жүру ережесі, Түңгі рейд, Бопсалау, Буллинг.	https://www.instagram.com/p/CzVNF9PIQ-R/?igsh=MXhxOG5kaG0zdWNkNw==
18		Дінжәне Экстремизм	https://www.instagram.com/p/CzF4SRyI86o/?igsh=MWQ0OXhjNGt6ZWFocg==
19		Түнгі рейд	https://www.instagram.com/p/CygZ7wE1Kp/?igsh=MXZvc2tmZXVzamVp
20		Біз өз құқығымызды білеміз бе?	https://www.instagram.com/p/CyTB2RMICvJ/?igsh=bGNjNzN1cHB6dm5w
21		Әрбір бала құқылы	https://www.instagram.com/p/CyTB2D7IdAh/?igsh=MXVjNHB3bjdmYXp5aw==
22		Сенің құқығың-менің құқығым!	https://www.instagram.com/p/CyTBx6oIR1n/?igsh=MXh5MXh1dWs5bW1sMQ==
23		Менің құқығым 3-4сынып	https://www.instagram.com/p/CyTBxZGIbv/?igsh=MWY2b3d0bHZINTgzNQ==
24		Менің құқығым 1-2сынып	https://www.instagram.com/p/CySu2qYIknH/?igsh=YmFyM3pvOTgwZm1j
25		Буллинг және кибербуллинг 9-10 сыныптар	https://www.instagram.com/p/Cxx7hoto7VC/?igsh=czJvZ2w0dHN6ZnE1
26			
27			

Рухани-адамгершілік тәрбие.

Мектебімізде «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында мектеп кітапханашысы Г.К.Ахметова 1-10 сынып оқушыларымен «Бәрін таста, кітап оқуды баста!» 20 минуттық оқу жобасын өткізеді. Оқушылар Абай Құнанбаевтың, Ыбырай Алтынсариннің, Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің және өздері ұнатқан кітаптарын алып, 20 минут оқып, түсінгендерін айтып, сұрақтарға жауап берді.

Мектеп кітапханасында "Оқуға құштар мектеп" жобасы аясында "Кітап-алтын қазына" атты онкүндік іс-шарасы өтілді. 2022 жылы Ұлт ұстазы, Алаш ардақтысы Ахмет Байтұрсынұлының туғанына 150 жыл толуына орай, ақын шығармалары "Бір ел-бір кітап" акциясы бойынша таңдауға түскен. Аталмыш іс шараның жоспарына сәйкес Қоғам қайраткері, қазақ тіл білімі мен әдебиеттану ғылымдарының негізін салушы ғалым, ағартушы, ұлт ұстазы А.Байтұрсынұлының шығармашылығынан, еңбектерінен кітапханада жасалған "Қазақтың рухани көсемі" атты кітап көрмесімен оқушылар таныса отырып, ақынның өмірбаяны туралы, қоғамдық қызметтері мен ақындық шығармашылығы туралы тың деректерден мағлұмат алды. Шолу барысында оқушылар ақын өлеңдерін, мысалдарынан жатқа айтып, ұлағатты сөздерін талқылады. Сондай ақ, оқушылар ұлт ұстазының шығармашылығынан жасалған буктрейлерді тамашалады.

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында 23 сәуір Халықаралық кітап және авторлық құқық күні қарсаңында "Кітап-алтын қазына" атты мектепшілік онкүндік өткізілді. Іс-шаралар жоспарлы түрде тізіліп, алғашқы күні кітапқа презентация жасалып, кітап көрмесі таныстырылды. Балалар «Буккроссинг» жобасы бойынша өткен кітап акциясына келіп түскен жаңа кітаптармен танысты. Оқушылардан түрлі сауалдарға жауап алынды.

Ұлттық тәрбие.

Қыркүйек айында «Тілдер айлығы» ұйымдастырылды. Жоспар құрылып тілдер бірлестігі сол жоспарға сай іс-шаралар ұйымдастырылды. Сынып сағаттары, ойындар, сайыстар, интеллектуалды ойындар өткізілді. Жауапты тілдер бірлестігі.

1 наурыз алғыс айту күніне орай мектебіміздің ата-аналары шақырылып, алғыс айту іс-шарасы өтті. Шара барысында дарынды, жүлдегер оқушылардың ата-аналары марапатталып, алғыс білдірді. Соңында ойын ойнатылды.

Алғыс айту күніне орай Жас Ұлан ұйымының оқушылары челлендж ұйымдастырып аудан мектептеріне жолдады.

8 наурыз мерекесіне орай «Әлем бесігін тербететін жан-АНА» атты меркелік концерттік бағдарлама ұйымдастырылды. Мерекеге сай әндер айтылып, би биленіп, өлең жолдары оқылып, қойылым көрсетілді. Жауапты 2,9 сынып оқушылары мен сынып жетекшілері Л.Бұғыбай мен А.С.Аменова мектеп дәлізінде мектептің ұл балалары қыз балаларын құттықтап сыйлықтар табыстады және әр сыныпта сынып сағаттары өткізілді.

Наурыз мерекесіне орай мектеп дәлізінде көрме құрылды. Оқушылар қолдан жасаған ұлттық қол өнерлерін қойды.

14 наурыз күні 1-9 сынып оқушылары мен сынып жетекшілердің

ұйымдастыруымен «Көрісу» күнін өткізді. Тарихымен таныстырып, бата беріп, өлең жолдарын оқып, көрісу түрлерін көрсетті. Оқушыларға шашу шашып, бауырсақтан дәм тигізді.

1-4 сынып оқушылары арасында «Наурыз- ұлыстың ұлы күні» атты сурет сайысы өтті. Оқушылар Наурыз туралы сурет салып, қатысқан оқушылар марапатталды.

Наурыз мерекесіне орай 1-11 сынып оқушылары арасында «Наурыз-бата» Атты бата айтужан сайыс ұйымдастырылды. Сайысқа ақ сақалды атамыз Бораш Какенов шақырылып, оқушыларға ақ баталарын берді. Барлық қатысушылар марапатталды.

Наурыз мерекесі «Наурыз- берекем, Наурыз-мерекем!» атты мерекелік концерттік бағдарлама ұйымдастырылды. Мерекеге сай ән айтылып, би биленіп, әр сынып салт-дәстүрден көрініс көрсетті. Жауапты 5,6 сынып оқушылар мен сынып жетекшілері К.Көкенай және Э.Ж.Төлеубекова

Отбасылық тәрбие.

Қазан айында 1-5 сыныптың ата-аналарымен психологпен сынып жетекшілердің қатысуымен 1-5 сынып оқушыларының оқуға бейімделуі туралы жиналыс өтті. Ата-аналармен тренингтер өткізіліп, оқушылардың оқуға қабілеттері туралы айтылды.

Мектебімізде қаңтар айының басында «Әке – асқар тау» атты апталық өткізілді. Жоспарға сәйкес оқушылардан әке туралы сұрақтар қойылып, сұхбат жүргізілді. Әке тәрбиесі туралы сауалнама алында, Әкелермен жиналыс өткізіліп, бала тәрбиесі және балалардың жауаптарын слайд арқылы тыңдады. Сауалнама бойынша қызықты жауаптарын оқыды. Әкелермен тренинг өткізілді, және жиналыстан соң волейбол ойынын ойнады.

Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие

Ақпан айының соңында 7-10 сынып ұлдарының ұйымдастыруымен жәрмеңке өткізілді.

Еріктілер тобы «Қайырымдылық» акциясын қолдап ардагер, қарт ата-әжелеріміздің үйіне барып, көмек көрсетті.

Жазғы уақытта «Еңбек» практикасы жүргізіліп, 10 сынып оқушылары мектеп айналасының ауласына ағаш, гүл егу жұмыстарын жасады.

Қоршаған ортаны қорғау, спорт және салауатты өмір салтын насихаттау, экологиялық мәдениетті енгізу, туған өлкенің табиғатына мұқият қарау мақсатында «Салауатты өмір салтын ұстан» атты ұранымен «**Таза ауыл**» **акциясына** мектеп ұжымы мен оқушылар белсене қатысты. Мектеп ауласы мен сыртын тазалап, қоқыстарды қапшыққа жинады.

Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие

Қазан айында «Ұстаздар күніне» орай «Дублер» күні өткізілді. 9-11 сынып оқушылары ұстаздар орнына сабақ беріп, сынып сағаттарын өткізді. Сонымен қатар, оқушылар таңертеңгі уақытта мектептің кіре берісінде ұстаздарды қарсы алып, мерекемен құттықтады. Сабақтан соң, «**Ұстаз –ұлы тұлға**» атты құттықтау және мерекелік концерттік бағдарламасымен жалғасты.

Оқушылар ұстаздарға арнаған мерекелік жылы лебіздерін өлең шуақтарымен келтірді. «Ұстазым менің, ұстазым» әні мектеп оқушыларының ұстаздарға деген алғысын білдірді. 9 сынып оқушылары «Ұстаздарға мың алғыс» әнін орындады. Мерекелік бағдарламаға мектеп мұғалімдері мен мектеп әкімшілігі түгелдей қатысты. Мерекелік кеште кәсіподақ төрайымы Т.Е.Жумабаева жыл бойы жақсы көрсеткіш көрсеткен мұғалімдердің еңбегі аталып, мақтау қағаздарымен марапатталды. Ұстаздар оқушылардың дайындаған ойындарын ойнап, мәз-мейрам болды. К.Көкенайдың жетекшілігімен салтанатты мерекелік кешке «Жас Ұлан» ұйымы оқушылары жауапты болды.

«Балапан» шағын орталығында және мектебімізде даярлық топ және 1-10 сыныптар аралығында «Төрлет, құтты жаңа жыл!» атты жаңа жылдық концерттік бағдарлама ұйымдастырылды. Жауапты 4,11 сынып оқушылары мен сынып жетекшілері

Шағын орталықтарда, даярлық сыныпта «Алтын күз» мерекесі ұйымдастырылды. Оқушылар дәнді –дақылдар мен жеміс-жидектерден көрме жасады.

Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу

Бастауыш сынып оқушылары арасында сынып жетекшілерінің ұйымдастыруымен «Зерде», «Кім жүйрік?» атты интеллектуалды ойын ұйымдастырылды. Кезең бойынша тапсырмаларды орындап, жеңген командалар марапатталды.

Дене тәрбиесі және салауатты өмір салты

2 қыркүйек күні «Денсаулық- басты байлық» ұранымен «Денсаулық» күні өткізіліп, мектеп ауласында ашылу рәсімі өткізіліп, жоспарымен таныстырылды. 1-4 сыныптар аралығында 100 м жарыстар, эстафета, арқан тартыс ойындары өтті. 5-11 сыныптар арасында жеңіл атлетикадан, эстафеталық жарыстар ойнатылды. 1,2,3 орын алған оқушылар мақтау қағаздарымен марапатталды.

Ойын барысында оқушылар «Сұңқар», «Қыран», «Тұлпар», «Болашақ» болып топқа бөлінді. Командалар арасында тартысты ойын болды. Жарыс соңында, қорытындылай келе 1 орынды «Сұңқар» командасы, 2 орынды «Қыран» командасы, 3 орынды «Болашақ» командасы иеленіп, командалар мақтау қағаздарымен марапатталды. Жалпы сайысқа 28 оқушы қатысты

Тәуелсіздік күніне орай Т.Хурманбай шахмат ойынынан «Жеңісімді Тәуелсіздікке арнаймын » атты жарыс ұйымдастырды. Жарысқа 15 оқушы қатысып, ойын соңында қатысқан оқушыларға алғыс хаттар мен жүлделі орын алған оқушылар мадақтама қағаздарын табысталды.

Тәуелсіздік күніне орай 5-8 сыныптар аралығында дене шынықтыру пәнінің мұғалімдерінің ұйымдастыруымен волейбол ойынынан жарыс өткізіліп, орын алған оқушылар марапатталды.

5-10 сынып және мектеп ұжымының қатысуымен мектеп ауласына қардан мүсін жасалынды.

Аудандық бұйрыққа сәйкес шахматтан « Жас гроссмейстер» атты сайыс өткізілді. Келесі күні тоғызқұмалақтан сайыс өтті. 2-9 сынып оқушылары қатысты.

Дене шынықтыру пән мұғалімі Т.Хурманбай ұйымдастырып қатысқан оқушыларды марапаттады.

Қыздар арасындағы жұмысты жандандыру аясында «Аққу» қыздар клубы жұмыс жасайды.

«Аққу» қыздар клубының жетекшісі К.Көкенай қыз балаларға «Қызға қырық үйден тыю» атты және мектеп медбикесі қыз балаларға гигиена туралы баяндамалар оқып, түсіндірме жұмыстарын өткізді. Тәлімгер 9 сынып оқушылары арасында «Қазіргі жастар патриот па?» тақырыбында дебат өткізіп, оқушылар ойлары мен пікірлері тыңдалды.

«Аққу» қыздар клубы құрамындағы қыздармен «Ой мен ойын» атты іс-шара өткізілді. Іс-шараны ұйымдастырушы тәлімгер К.Көкенай ең алдымен қыздарға қазақ халқының салт-дәстүрлері мен ата-ана үлгісінің тәрбиелік күші туралы айтып берді. Сондай-ақ, Қыз өмірдің қызғалдағы, қыздар-болашақ ана, бақыт-байлық ошағы, адамзаттың өсіп-өркендеп, тәлім тәрбие алатын ұясы екендігі айтылды. Қыздардың жат қылықтарды ажырата білуі, олардың денсаулығына, ұлт болашағына, рухани болмысына келтіретін зияны туралы түсініктерін дамытып, пікір алысты. Соңында «Ой мен ойын» атты сайыс ұйымдастырылды. Сайыс төрт кезең бойынша өтті. Қыздар мақал-мәтелдермен, сурет құрастыру, әуенді табу сияқты кезеңдерден өтіп, өз ойларын ортаға салды. Ойын соңында қыздар бір-біріне деген ыстық лебіздерін білдірді. Жалпы бұл іс-шараға 10 қыз бала қатысты.

«Мирас» ұлдар клубының жұмысы

Мақсаты: Ер балалар арасында зиянды әдеттердің алдын алу, спорттық іс-шараларға қатыстыру арқылы салауатты өмір сүру салтын насихаттау, өскелең жас ұрпақтың бойында патриоттық білім мен өзін-өзі жетілдіруге тәрбиелеу

«Мирас» ұлдар клубындағы ұл балаларға АӘД пәнінің мұғалімі Б.К.Нугербәев автоматты бұзып, жинау әдісін көрсетсе, К.К.Жанұзақов пен Т.Хурманбай ұл балалар тәртібі мен мектеп ережелері туралы түсіндіру жұмыстарын жүргізді.

"Өмір қауіпсіздігінің негіздері" және "Жолда жүру ережелері" міндетті оқу курстарының іске асырылуын зерделеу;

Жүргізілуі міндетті курстар: 1-4-сыныптарда "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" оқу курсы міндетті меңгеру қамтамасыз етіледі. Оқу курсының мазмұнын 1-4-сыныптарда "Дүниетану" оқу пәнінің шеңберінде: жылдық оқу жүктемесі 1-3-сыныптарда 6 сағаттан, 4-сыныпта 10 сағаттан бастауыш сынып мұғалімдері іске асырады

5-9-сыныптарда дене шынықтыру оқу курсының аясында 15 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен дене шынықтыру мұғалімінің оқытуымен іске асырылады

"Жолда жүру ережелері" оқу курсының мазмұнын 1-4-сыныптарда әрбір сыныпта 6 сағаттан сынып сағаттары есебінен және сабақтан тыс уақытта сынып жетекшілері жылдық жұмыс жоспарында тақырыптары мен мерзімін көрсете отырып, іске асырады.

5-8-сыныптарда 10 сағат көлемінде тәрбие сағаттарына кіріктіріліп оқытылады.

Ата-аналарға "Жазғы демалыс уақытындағы балалардың қауіпсіздігі" тақырыбында жиналыс өтті. Жиналыс барысында жаз кезінде өрт, су қауіпсіздік шаралары, және ішкі тәртіп ережелері жайында түсіндіріп, бейнероликтер

көрсетілді. Ата-аналарға арналған жадынамалар таратылды. Судағы қауіпсіздік ережелерін есте сақтау керектігін айтып, жасөспірімдердің суда шомыла білмеуі, табиғат аясында серуенге балаларды өз бетімен шығаруы, адамдардың су қауіпсіздік ережелерін орындамауы орны толмас қайғы мен өкінішке айналып жататыныны ескертілді.

2023-2024 оқу жылы

Мектебімізде жаңа 2023-2024 оқу жылынан бастап Біртұтас тәрбие бағдарламасы іске асырылуда. Бұл бағдарлама жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде өскелең ұрпақты тәрбиелеу сапасын арттыруға бағытталған. Біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында Ұлттық құндылықтарға кіріктірілген негізгі үш бағыт: **ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ, АР-ҰЯТ, ТАЛАП**.

Тәрбие мен оқыту өзара тығыз байланысты, бір бірінен бөліп алуға болмайтын біртұтас процесс. Мектебіміздегі тәрбие пән мазмұны, сынып сағаттарының және мектептен, сыныптан тыс қосымша білім беру мазмұны арқылы жүзеге асады. Сынып сағаттары аптасына 1 сағат мектептің сабақ кестесіне енгізулі және жүйелі түрде өткізіледі.

Мектебімізде 2023-2024 оқу жылына тәрбие жоспары қыркүйек айында қаралып, бекітілді. Жоспарға сай әр ай сайын мектепшілік іс-шаралар жоспары шығарылып отырылды. Сол жоспар бойынша жауаптылар оқушылармен іс-шараларын өткізді. Әр іс-шара инстаграмм, парақшаларына жарияланады.

«Тоғыз айға 9 іс-шара» тұжырымдамасы (бұдан әрі – Тұжырымдама) білім беру ұйымдарында тоғыз айдағы іс-шараларды өткізудің атаулары мен бірыңғай тәртібін реттейді.

Тұжырымдама өскелең ұрпақты тәрбиелеудің ұлттық құндылықтарын қалыптастыру шеңберінде ай сайынғы іс-шараларды өткізуге бірыңғай көзқарасты қамтамасыз етуге бағытталған. Іс-шараның тақырыптары, ережелері, мазмұны бірыңғай тәсілдеме арқылы жүзеге асырылады.

Тұжырымдама Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 12 қаңтардағы № 18 бұйрығымен бекітілген Орта білім беру ұйымдарында сынып жетекшілігі туралы ережесі, сондай-ақ білім беруді ұйымдарында тәрбие жұмыстарын ұйымдастыруды жоспарлау бойынша ғылыми ұсыныстар негізінде әзірленді.

Тұжырымдамалардың мақсаты мен міндеттері

Мақсаты: «Тоғыз айға 9 іс-шара» аясында білім беру ұйымдарында іс-шаралар өткізудің мазмұнын мен бірыңғай тәсілдемесін әзірлеу.

Міндеттер:

- 1) іс-шараларды ұйымдастыру мен өткізудің бірыңғай форматын әзірлеу;
- 2) іс-шараларды өткізудің бірыңғай форматы арқылы білім беру ұйымдары арасында ынтымақтастық орнату;
- 3) білім алушылар бойында ұлттық құндылықтарды дарыту.

«Тоғыз айға 9 іс-шара» жоспары

- **қыркүйек** Сергіту сәті
- **қазан** Әнұран айту
- **қараша** Асық ату

- **желтоқсан** Шығарма жазу: болашаққа хат
- **қаңтар** Қазақ есебі
- **ақпан** Оқуға құштар мектеп
- **наурыз** Домбырашылар
- **сәуір** Шахмат ойнау
- **мамыр** Жасылмекен

Ұлттық мәдени-ағартушылық «ТӨРТ ТОҚСАН – ТӨРТ ӨНЕР» тұжырымдамасы

Мақсаты:

Қазақстандық патриотизмді қалыптастыру, ұлттық бірегейлік, әлеуметтік құзыреттілік, білім алушыларды өз халқының мәдени дәстүрлеріне, көпұлтты мемлекет жағдайында жалпыадамзаттық **құндылықтарға баулу.**

- Ақындар айтысы
- Алтын сақа
- Ұлттық өнер
- Туған өлкем

1 қыркүйек күні мектеп ауласында салтанатты жиын өтті. Жиынға 1-11 сынып оқушылары, 1 сынып ата-аналары мен мектеп ұстаздары және құрметті қонақ ретінде Білім беру бөлімінің әдіскері З.М.Сансызбай қатысты. 1сынып оқушылары өлең шумақтарын оқып, алғашқы қоңырау соғылды.

Салтанатты жиыннан соң 1-4 сыныптарға сыныпта 32 оқушыға **«Мектебім-мейірім мекені!»** атты сынып сағаттары өткізілді. 5-7 сыныптар үшін **«Білімге ұмтылу: Еңбексүйгіштік пен Отаншылдық»**, 9-11 сынып оқушыларына **«Әділетті Қазақстан: сапалы білім мен адал ұрпақ»** атты сынып сағаттары өткізілді. Сынып жетекшілер Қазақстанның тәуелсіздігі мен егемендігінің қазақ тарихындағы алатын орнын,құндылығын оқушылардың сана-сезіміне сіңірту. Жас ұрпақтың бойында жоғарғы патриоттық сананы қалыптастыру,өз елі үшін мақтаныш сезімі,Отанының мүдделерін қорғау жөніндегі азаматтық борыш пен конституциялық міндеттерді орындауға тәрбиелеу жайында айтылды.

Облыстық "Менің туым" жобасы аясында «Білім» күніне арналған салтанатты жиында туды көтеру рәсімі орындалды. АӘД пәнінің мұғалімі Б.К.Нугербаев бұйрық бергеннен кейін мектеп президенті , 11 сынып оқушысы Кәкім Дәмірбек көтерді.

Сілтеме:

Қыркүйек айында **«ТОҒЫЗ АЙҒА 9 ІС-ШАРА»** тұжырымдамасына орай1-11 сынып оқушыларының қатысуымен шаршаудың алдын алу, ақыл-ой қабілетін қалпына келтіру, дене бітімі бұзылуының алдын алу мақсатында **«Сергіту сәті»** өткізілді.

Қыркүйек айының 5-нен бастап **«Тілдер айлығы»** ұйымдастырылды. Жоспар құрылып тілдер бірлестігі сол жоспарға сай іс-шаралар ұйымдастырылды. Сынып сағаттары, ойындар, сайыстар, интеллектуалды ойындар өткізілді. Жауапты тілдер бірлестігі.

«Отбасы» күніне орай 5-6 сынып оқушыларының және ұстаздардың қатысуымен **«Толағай»** спорттық жарысы ұйымдастырылды. Ойын 2 топтан

құралып, спорттық кезеңдер бойынша жарысқа түсті. Соңында қатысушылар марапатталып, сыйлықтар табысталды. Өткізген Дене шынықтыру пәнінің мұғалімдері.

«Қарттарым, аман болсын!» атты қарттар күніне арналған концерттік бағдарлама ұйымдастырылды. Жауапты Тәлімгер М.Тасболатқызы

Жасқырандықтарға арналған "Жасқыран Life" облыстық жобасының 1-кезеңі "Күшті, епті, жылдам" көңілді эстафетасы өтті. Эстафетаны ұйымдастырған: Дене шынықтыру нұсқаушысы Хурманбай Телейхан, аға тәлімгер Тасболатқызы Майра.

https://www.instagram.com/reel/Cw7Ha1bleAV/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA

Ұстаздар күніне орай мектебімізде «Ұстаз аты-биік, әрі мәңгілік» атты мерекелік концерт және жоғары сынып оқушыларының ұйымдастыруымен «Дублер» күні ұйымдастырылды. 23-қазан күні «Мектеп президентін сайлау» өтті. Сайлауға 1-11 сынып оқушылары қатысып, дауыс беру арқылы өз таңдауларын жасады. Алғашқы дауыс беруші 1-сынып оқушыларына шоколад таратылды. Дауыс беру нәтижелері бойынша және сайлау комиссиясының шешімімен 11-сынып оқушысы Кәкім Дәмірбек «Мектеп президенті» болып тағайындалды. <https://www.instagram.com/reel/Cyzuwa0oNwh/?igsh=MXYZajVwajl2eDB3YQ=> Мерекелік бағдарламаға «ЖасҰлан» ұйымының оқушылары мен Г.К.Ахметова жауапты болды.

Қазан айында «Алтын күз-әсем айналам» атты 1-4 сыныптар арасында іс-шара өткізілді. Іс-шара сайыс түрінде өтті. Оқушылар 4 кезең бойынша өз-өнерлерін көрсетті. Бастауыш сынып оқушылары өте белсенділік танытты. 2 және 3 сыныптың ұпайлары тең болып 1 орынға ие болды.

<https://www.instagram.com/reel/CyxbE66olKv/?>

[utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==](https://www.instagram.com/reel/CyxbE66olKv/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==)

Қазан айында «**ТӨРТ ТОҚСАН – ТӨРТ ӨНЕР**» тұжырымдамасынегізінде өз Отанына деген мақтаныш сезімін, қазақ халқының тарихын, мәдениеті мен дәстүрлерін құрметтеуге тәрбиелеу; қазақ халқының тарихи-мәдени мұрасын, оны одан әрі байытуын сақтау және дамыту мақсатында 5-7 сынып оқушыларымен «Айтыс- сөз өнері» атты тәрбие сағаты өткізілді. Оқушыларға айтыс туралы мәлімет беріліп, айтыс түрлерімен таныстырылды. Сонымен қатар, 6-7 сынып оқушылары арасында «Айтыс- қазақтың төл өнері» атты айтыс ұйымдастырылды.

Оқушылармен құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында «**Құқықтық мәдениет**» атты 5-10 сынып оқушыларымен тәрбие сағаты өткізілді. Құқықбұзушылықтың, буллингтің алдын алу, жыныстық тиіспеушілік бойынша дәріс оқылды. Құқық бұзушылықтың алдын алуға байланысты презентация көрсетілді. Қазіргі уақыттағы жасөспірімдер мәселесі талқыланды. Көптеген нақтыланған мәліметтерді, ақпарат құралдарында жария болған фактілерді келтіре отырып түсінік мағынасында пікір алмасты. Құқықбұзушылық дегеніміз не? Сұрағына оқушылардың жауаптары тыңдалып, тәрбиелі болуға шақырды. Оқушылар «Құқықбұзушылыққа жол жоқ!», «Вейпсіз әлем» атты постерлер құрастырды. Оқушыларға түнгі уақытта көшеде жүрмеуін, мотоцикл, машина т.б көліктерге отырмауларын ескертті.

5-7 сыныптың қыз балаларымен «Әдептілік- тәрбие бастауы» атты дөңгелек үстел өтті. Оқушыларға әдептілік, сыпайылық, тазалық туралы түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

1-4 және 5-9 сынып оқушыларымен ауылдық учаскелік инспекторы К.К.Муканов қатысуымен «Жолда жүру ережелерін білесің бе?» атты сынып сағаты өткізілді. Оқушылар жолдағы қауіпсіздік туралы суреттер көрсетіліп, жол белгілерімен таныстырды.

Діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу және құқықбұзушылықтың алдын алу бойынша «Бірыңғай профилактикалық сағат» өткізілді. Оған 7-11 сынып оқушылары қатысты.

Қазан айында «**ТОҒЫЗ АЙҒА 9 ІС-ШАРА**» тұжырымдамасы бойынша әрбір қазақстандықтың өз еліне, жеріне, халқына деген мақтаныш сезімін ояту мақсатында 1-11 сынып оқушыларымен «Әнұран айту» челленджі өткізілді.

25 қазан Республика күніне орай 1-11 сыныптар аралығында жиын өткізіліп, 2,5 сыныптар ЖасҰлан, Жас қыран қатарына қабылданды.

<https://www.instagram.com/reel/CzEGu9JlbCo/?igsh=ZzM4aXZwN3dpaTF4>

«Қыран- елім Қазақстаным» атты жалпы ұлттық патриоттық акциясы шеңберінде оқушылар салған туды терезеге орналастырды.

25 қазан Республика күніне орай шағын орталықта және 1-11 сынып оқушылары арасында сынып жетекшілердің ұйымдастыруымен «Қазақстан- Менің Отаным» атты сынып сағаттары өткізілді. Сынып сағаттарында сынып мерекеге сай безендірілді. Еліміздің мақтаныштарымен, отан туралы айтылды. Жарыс, сайыс сабақтар ұйымдастырылды.

«Менің Қазақстаным - менің Отаным атты мерекелік концерттік бағдарлама ұйымдастырылды. 2,9 сынып оқушылар өлең жолдарын оқып , мерекеге сай ән байтып, мың бұрала биледі. Жалпы іс-шараға 16 мұғалім, 32 оқушы, 19 ата-ана қамтылды. Жауапты К.Көкенай мен Т.Хурманбай.

Қазан айының 27-сі күні ақиық ақын Сұлтанмахмұт Торайғыровтың туғанына 130 жыл орай мектеп кітапханасында көрме ұйымдастырылды.

Қараша айында «**ТОҒЫЗ АЙҒА 9 ІС-ШАРА**» тұжырымдамасы негізінде қазақ халқының тарихи-мәдени мұрасын құрметтеуді қалыптастыру, батылдыққа, төзімділікке тәрбиелеу, ептілікті, қырағылықты және дәлдікті дамыту. халықтың мәдени мұрасын сақтау, ұлттық ойындарды насихаттау, қазақ ұлттық ойындарын білуге қызығушылықты арттыру, салауатты өмір салтын қалыптастыру, балаларды асық ойынына баулу мақсатында «Асық» ойыны өтті. Оқушылар арасында «Бес табан», «Ханталапай» ойындары өтті.

15-қараша Ұлттық валютамыздың 30-жылдығына орай «Ұлт мақтанышы – ұлттық теңге» тақырыбында танымдық сағаты өтті. Танымдық сағаты барысында оқушыларға «Ұлттық теңге тарихы» тақырыбында бейнеролик көрсетілді. Сонымен қатар, ұлттық теңгеміздің шығу тарихы туралы баяндама оқылды.

Желтоқсан айында 1-11 сынып оқушылары арасында «Буллингке жол

жоқ», «Буллинг деген- жау» атты тәрбие сағаттары ұйымдастырылды. Мақсаты: «Буллинг» сөзінің мағынасын ашу, таныту; Жасөспірімдер арасындағы қорлау, мазақтау, намысқа тию жағдайларын алдын алу; Сынып ұжымын сыйластыққа, бір-біріне қолдау көрсете білуге тәрбиелеу. «Буллинг» сөзінің мағынасын түсінеді; Дәрекілік, өктемдік танытатын адамдармен өзін қалай ұстау керектігін үйренеді; Біреуді мазақтауға, қорлауға, намысына тиюге жол бермейді. Сынып арасында бір-бірін қолдай білуге, сыйластық танытуға үйренеді.

Оқушыларды еліміздің Тәуелсіздік алған жылдар ішіндегі жеткен жеңістіктерімен таныстыру, әлем таныған ел екенін дәлелдеу, білімдерін кеңейту. Болашақ ұрпақтың рухани тұлғалық және адамгершілік құндылықтарын дамыту. Отанын сүйуге, ел тарихын білуге, еліміздің мемлекеттік рәміздерін қастерлеуге, отанымыздың байлығын қорғауға, елімізді өркендетуге білімді ұрпақ болуға тәрбиелеу мақсатында 1-11 сынып оқушылары аралығында тәрбие сағаттары өтті. 5-6 сынып оқушыларымен «Тәуелсіздік- басты байлығымыз» атты тарихи танымдық сағат өткізілді. Оқушылар сайысқа түсіп, Қазақстан туралы білімдерін кеңейтті.

« **9 айға 9 іс-шара**» бойынша «Қазақстан -ұлы дала елі» шығарма жазу ұйымдастырылды. Мақсаты: Білім алушыларға өзінің жеткен жетістіктері, алға қойға жоспарлары мен болашағы туралы шығарма жазу. Міндеттері: Білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту. Өз ойларын қағаз бетіне жүйелі жазып жеткізу дағдыларын жетілдіру. Білім алушылардың өзін-өзі дамыту және сыни ойлау дағдыларын жетілдіру.

7-10 сынып оқушыларымен «Мен таңдаған мамандық» тақырыбында мамандық иелерімен кездесу ұйымдастырылды. Сағдат Нұрмағанбетов атындағы құрлық әскерлері әскери институтының 4 курс түлегі Шайхин Мәдимен сұхбат жүргізілді. Өз мамандықтарының қыр-сырымен таныстырып, кәсіптік бағдар жүргізді.

Жаңа жыл мерекесі қарсаңында аз қамтамасыз етілген 1 оқушыға және 19 көп балалы отбасынан шыққан мектеп тарапынан қамқорлық жасалып, қажетті азық-түлікпен және жаңа жылдық тәтті қалташалар берілді.

1-4 сынып оқушылары арасында «Төрлет, Жаңа жыл!» атты мерекелік бағдарлама ұйымдастырылды. Оқушылар арасында байқау ұйымдастырылып, «Үздік ән», «Үздік би», «Үздік сынып» иегерлері анықталып, марапатталды. Жаңа жыл мерекесіне орай 5-7 сынып оқушыларымен түстер кеші ұйымдастырылды.

<https://www.instagram.com/reel/C1dv2V1oKF6/?>

[utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==](https://www.instagram.com/reel/C1dv2V1oKF6/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==)

1-4 сынып оқушылары "ЭКО ВООМ" жобасы аясында "Құстарға арналған дәмхана" акциясы барысында көркем еңбек пәнінің мұғалімі Нугербаев Б.К.-пен бірге ұя жасап, жасаған ұяларын орманға апарып орнатып, сонымен қатар құстарға жем салды.

<https://www.instagram.com/p/C6Jz2LGIMMS/?igsh=d201OTgzbGdhNGlo>

Қаңтар айында «**ТОҒЫЗ АЙҒА 9 ІС-ШАРА**» тұжырымдамасы негізінде «Қазақ есебі» челленджі ф-м.ғ.д., профессор ҚР ҰҒА академигі, ғалым-математик Жұмаділдаев Асқар Серкұлұлының авторлық есептерін шешуге

арналады. Мақсаты:білім алушылардың креативті және сыни ойлауын дамытуға ықпал ету. Математика пәнінің мұғалімдерінің ұйымдастыруымен есеп шығару жарысы өтті.Балалар есте сақтау мен ойлауды дамытуға, логика мен зейінді жаттықтыруға бағытталған математикалық және зияткерлік тапсырмаларды шешті. Жарысқа 5-11сынып оқушылары қатысты.

Өз отанына шексіз берілген, патриоттық рухы жоғары, қайсар жауынгер ағаларын үлгі ету - Ауған соғысында опат болған боздақтар рухына тағзым етуге, есімдерін қастерлеуге тәрбиелеу мақсатында 7 сынып оқушыларымен ауылымыздың тумалары ,ауған соғысының ардагерлерімен сұхбат жүргізіліп, оқушылармен бастан кешкен оқиғаларымен бөлісті. Оқушылар көкейлеріндегі сұрақтарын қойып, жауап алды. Ардагерлердің ерліктері жайлы, Ауған соғысында от кешкен ауғандық ардагер жауынгерлерді қадірлеп – құрметтеу – біздің борышымыз. Сонау Ауған жерінде қару асынып мұң арқалаған сын сағаттарда бірін - бірі бауыр дескен азаматтар бүгінгі таңда еліміздің түкпір - түкпірінде еңбек етуде. Осындай ағаларымыз сияқты өз Отанымызға адал қызмет ету біздің де парызымыз екені айтылды.

7-10 сынып оқушыларының қатысуымен « Бүгінгі оқушы – ертеңгі студент» атты студенттермен кездесу ұйымдастырылды. Мақсаты: оқушыларға кәсіптік бағдар беру, оқу орындары туралы мағлұмат беру. Оқушылар студенттерге сұрақтарын қойып, жоғарғы оқу орындары мен мамандықтар жайлы білді. Студенттер оқу орындары жайлы презентация көрсетті. Оқушылар мен студенттер арасында ойын өткізілді.

Оқушылардың қазіргі уақыттағы ойын мәселесі туралы түсінігін қалыптастыру, «**Лудомания**» ұғымын, оның белгілері мен салдарын қарастыру және ойынға тәуелділікті басқару стратегияларын талқылау, оқушыларды адамгершілік, қаржылық сауаттылық мәдениетіне тәрбиелеу мақсатында 5-11 сынып оқушылары арасында тәрбие сағаты ұйымдастырылды. Оқушыларға ойынқұмарлық салдары мен зияны туралы ақпарат берілді. Презентация мен бейне ролик көрсетілді. Оқушыларды саалауатты өмір салтын ұстануға шақырды.

Ақпан айында «**ТОҒЫЗ АЙҒА 9 ІС-ШАРА**» тұжырымдамасы негізінде «Оқуға құштар мектеп» аясында Қаныш Сәтпаевтың туғанына 125 жыл толуына орай мектеп кітапханасында көрме ұйымдастырылып, викториналық ойындар өтті. Мақсаты: Қ.Сәтбаевтың өмірбаянымен таныстыру, білімі, ғылыми еңбектері, қоғамдық жұмысы туралы мәлімет беру. Адамгершілік қасиеттерге ие жан-жақты дамыған жеке тұлғаны тәрбиелеу.

«Нағыз досыңның болғанын қаласаң – дос бол!» ұранымен «**ДосболLIKE**» акциясы ұйымдастырылды. Акция мақсаты: мектеп оқушылары ортасында жасампаз ұжымдық шығармашылық негізін депозитивті қатынастарды қалыптастыру. 5-10 сынып оқушылары арасында акция ұйымдастырылды. Оқушылар бір біріне достық қолын ұсынып, акцияға белсене қатысты. Қабырға газеттерін шығарып, достық пейілдерін көрсетті.

1-наурыз Алғыс айту күніне орай Адал Ұрпақ ұйымының оқушылары мен Аға тәлімгер Тасболатқызы М. мұғалімдерге алғыс айту негізде тәттілермен бөлісті. https://www.instagram.com/reel/C37_3iZi0TB/?

8-наурыз Халықаралық әйелдер күніне орай мектеп оқушыларының қатысуымен «Ана – өмірдегі ең қымбатты жан» атты мерекелік концерт өтті. Оқушылар әсем әндерден шашу шашып, күй ойнап, мың бұралған бишілер билерін тарту етті. Мерекелік концерт өте жоғары деңгейде өтті. Мерекелік шараға жиналған ақ жаулықты аналарымыз шара соңында жылы лебіздерін білдіріп, шашу шашты. Наурыз айында **«ТОҒЫЗ АЙҒА 9 ІС-ШАРА»** тұжырымдамасы негізінде «Домбырашылар» челленджі ұйымдастырылып, музыка пәні мұғалімі 5-6 сынып оқушыларымен «Сары арқа» күйін орындап, басқа мектептерге жолдады.

«ТӨРТ ТОҚСАН – ТӨРТ ӨНЕР» тұжырымдамасы негізінде Наурыз мерекесінде оқушылардың жасаған қол өнер бұйымдарынан көрме әзірленді.

ҚОШ КЕЛДІҢ, ӘЗ НАУРЫЗ! 2024 жылдың 20 наурыз күні "Қош келдің, өз Наурыз!" тақырыбында мерекелік іс-шара өтті. Күн мен түн теңелгенде, жаңа ай толықсып толғанда, тұрмыс пен табиғат жаңарғанда жер жүзі жайнап, көк құт көзін ашқан. Іс-шара барысында қазақтың ұлттық салт-дәстүрлерінен көріністер көрсетіліп, ұлттық билер мен әндер шырқалды. Қазақтың ұлттық тағамдарымен қатар мерекелік ең сыйлы ас- наурыз көжелер дайындалды. Наурыз көжеге қосылатын жеті түрлі дәм молшылықтың, сәттіліктің, байлықтың, бақ пен берекенің белгісі болып табылады. Ұлыс оң болсын, ақ мол болсын!- деп іс-шара өз мәресіне жетті.

"Наурызнама" тұжырырымдамасына сай 10 күн атап өту жөніндегі іс - шаралар жоспарына сәйкес

«Көрісу күні»

«Табиғат күні»

«Бабаларды еске алу және бата күні»

«Шежіре күні»

«Тарихқа тағзым күні»

«Игі істер күні»

«Спорт және шеберлік күні»

«Даналық және білім күні», «Зияткерлік күні»

«Ұлттық тағамдар күні»

«Ұлыстың Ұлы күні»

«Қадір тұту күні» жоспар бойынша аталып өтілді.

Сәуір айында оқушыларды адалдыққа, мейірімділікке баулу, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында «Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ!» апталығы өтті. Апталық барысында жоспарға сәйкес жұмыстар атқарылды. Апталық «Адалдық дүкенімен» басталды. Сатушысыз дүкеннің мақсаты оқушыларды адалдыққа баулу. 5-11 сынып жетекшілері «Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ!» тақырыбында сынып сағаттарын өткізді. 1-4 сыныптар арасында «Біз сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз!» тақырыбында сурет көрмесі өтті. Сурет көрмесіне белсене қатысқан барлық оқушыларға диплом және тәтті шоколад табысталды. Апталық аясында дене шынықтыру нұсқаушысы Жанузаков К.К. және мектеп парламенті оқушыларға «Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ!» тақырыбында жадынамалар таратып, түсіндіру жұмыстарын жүргізді. «Сыбайлас жемқорлықсыз әлем» тақырыбында аға тәлімгерлердің ұйымдастыруымен 9-11

сынып оқушылары арасында пікір-талас өтті. 5-10 сынып оқушылары арасында «Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ!» атты сынып сағаттары өтті.

https://www.instagram.com/p/C6GYEr_oXdw/?

[utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==](https://www.instagram.com/p/C6GYEr_oXdw/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==)

«Адал ұрпақ» еріктілер клубы жоспарына сәйкес өткізілген іс-шаралар:

“Салауатты өмір салтын ұстаймыз. Зиянды заттардан аулақпыз.” адалдық сағаты. Адам бақытты болу үшін оған денсаулық керек, ао денсаулықтың кепілі-салауаттылық.

<https://www.instagram.com/p/C6MRK4ovlb/?igsh=MWZwcDAzZWVkeXdoNQ==>

« Менің болашақ мамандығым» тақырыбында 5-7 сынып арасында сурет байқауы

<https://www.instagram.com/p/C7Ec6BVowYN/?>

[utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==](https://www.instagram.com/p/C7Ec6BVowYN/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==)

“Қоғамдық тәртіп негіздері” пікірталас практикумы өткізілді. Жасөспірім балалардың назарын өз құқықтары мен міндеттерін түсіну мен білу қажеттілігіне аудару.

https://www.instagram.com/p/C6MRes9oyhz/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

“Таза Қазақстан” Республикалық экологиялық акциясы өткізілді.

<https://www.instagram.com/reel/C6N6IABI8Nj/?>

[utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==](https://www.instagram.com/reel/C6N6IABI8Nj/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==)

Мектеп оқушыларымен бірге көңілді үзілістер ұйымдастырылып отырды.

<https://www.instagram.com/reel/C2ulq9yozbT/?>

[utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==](https://www.instagram.com/reel/C2ulq9yozbT/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==)

https://www.instagram.com/reel/C295XX_INR0/?

[utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==](https://www.instagram.com/reel/C295XX_INR0/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==)

«Салауатты өмір салтын сақтау» жоспары бойынша өткен іс-шаралар.

«Салауатты өмір салтын сақтау» жоспары бойынша өткен іс-шаралар. Жоспарға қосымша Баянауыл аудандық бақылау басқармасының нұсқауы бойынша қыркүйек айында жұқпалы ауру « құтырма» ауруының алдын алу мақсатында 5-9-сынып аралығында жатжазу жазғызылды, мақсаты оқушылар аурудан қорғануды,үй жануарларының екпе алуының маңызды екенін білді.

Ерте жүктіліктің алдын алу мақсатында мектеп медбикесі жасөспірім қыздарға баяндама оқып, слайд көрсетіліп,сұраққа жауап беріліп, психолог сауалнама алды,мақсаты жалпы елімізде болып жатқан келеңсіз оқиғалардың алдын алу, ерте жүктіліктің денсаулыққа зиян екендігін түсіндіре отырып қыз бала тәрбиесіне дұрыс көңіл бөлуге ақыл –кеңес беру.

«Педикулез» ауруының алдын алу мақсатында 1-9-сынып аралығында бұл қансорғыш жәндік-биттер паразитарлық ауруына анықтама беріліп,таралу жолы,сақтану жолы түсіндіріліп видеороликтер көрсетілді.

5-11 сынып оқушыларымен «Қызылша ауруы мен белгілері» атты түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Инфекцияның таралуымен жұғу жолдары айтылды.

Нашақорлыққа және есірткі бизнеске қарсы күрестің 2023-2025 жылдарға және Нашақорлықтың алдын алу бойынша 2023 жылға арналған іс шаралар өткізілді. Нашақорлықтың алдын алу мақсатында «Нашақорлық ғасыр дерт», «Зиянды әдеттен аулақ бол» тақырыбында түсінік жұмыстары жүргізілді.

Мерейтой иелерін атап өту

Алаш жұртының әйгілі перзенті, көрнекті қазақ ақындарының бірі, фольклоршы, ғұлама ғалым Мәшһүр-Жүсіп Көпеевтің туғанына 165 жыл толуына орай көрме ұйымдастырылып, оқушылар арасында ақын шығармаларын айту өткізілді.

1-11 сынып оқушылары аралығында «Ғылыммен егіз Қаныш» атты Қаныш Сәтпаевтың туғанына 125 жыл толуына орай тәрбие сағаттары мен мектеп кітапханасында көрме ұйымдастырылды. Мақсаты: Қ.Сәтбаевтың өмірбаянымен таныстыру, білімі, ғылыми еңбектері, қоғамдық жұмысы туралы мәлімет беру. Адамгершілік қасиеттерге ие жан-жақты дамыған жеке тұлғаны тәрбиелеу.

Қазақ КСР Ғылым академиясын ұйымдастырушы және оның тұңғыш президенті, Қазақ КСР академиясының академигі, Кеңес Одағының және Қазақстанның металлогения мектебінің негізін қалаушы, қазақтан шыққан тұңғыш академик жайлы бейне роликтер көрсетілді. Түрлі әдіс-тәсілдер, постер арқылы жұмыстар жүргізілді.

Мектеп кітапханасында Қожа Ахмет яссаuidің туғанына 930 жыл толуына орай «Қожа Ахмет Яссаuidің хәл хикмет ілімі» атты шара ұйымдастырылды. Көөрме ұйымдастырылып, оқушылар арасында сұрақ-жауап айдары өткізілді.

Мұзафар Әлімбаевтың туғанына 100 жыл толуына орай кітапханашы Ж.Р.Толегенованың ұйымдастыруымен іс –шара өткізілді. Оқушылар отбасымен бірге ақын өлеңін жатқа айтып, өлең мазмұны бойынша сурет салды.

Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі С.Р.Махамбетова Алаштың ардақтысы Сәкен Сейфуллиннің 130 жыл толуына орай әдеби кеш өткізді. Сәкен Сейфуллиннің өмірі мен шығармашылығы жайлы бейне ролик пен таныстырылым көрсетіп, оқушылар жазушы жайлы білгендерін постерге түсіріп, таныстырды. Шығармалардан сұрақтар қойылып, оқушылар шапшаңдықпен жауап берді.

Тұрар Рысқұловтың туғанына 130 жыл тоуына орай "Тарихи тұлға - Тұрар Рысқұлов" атты тәрбие сағаты ұйымдастырылды. «Ел үшін туар ер озар» демекші, қазақ халқының маңдайына біткен біртуар тұлғалардың тағылымды өмір жолдары мен көрнекті ерен еңбектері ел тарихының беттерінде алтын әріптермен жазылып қана қоймай, мәдениетіміздің зор, рухани құндылықтарымыздың берік болуына ықпал етуде. Бар өмірін ашық аспан астында ұрпақтарының еркін өмір сүруі жолына арнаған ұлы тұлғалардың есімдері мәңгілік сақталары хақ. Қазақ халқының осындай елін сүйген ер ұлдарының бірі де бірегейі – Тұрар Рысқұлов. Тәрбие сағаты барысында көрме ұйымдастырылап, Тұрар Рысқұлов туралы білімдерін ұштастырды. Тұрар Рысқұлов жайлы мәлімет дайындап, білгендерімен бөлісті. Тарих пәнінің мұғалімі З.К.Ильгельдина

«Әкелер» мектебі

Қоғамда, ұрпақ тәрбиесінде ананың, әкенің ұлтты тәрбиелеуде әлемдегі болашақты жасаудағы жасампаздық ролін кең түрде насихаттау. Ана туралы, әке туралы аталы сөздерден ғибрат алуға баулу. Оқушыларды өз ата – анасын құрметтеп, ықласпен қарым – қатынас жасауға үйрету мақсатында «Әкеге ізет- анаға құрмет» атты дөңгелек үстел ұйымдастырылды.

Мектепте «Жас сарбаз» үйірмесі жұмыс жасайды. Оқушылар арасында әскери патриоттық тәрбие беру мақсатында 10-11 сынып оқушылары арасында әскери спорттық сайыс өтті. Өткізген АӘД пәнінің мұғалімі Б.К.Нугербаев.

Ата-аналармен жұмыс

1-11 сынып оқушыларының ата-аналарының қатысуымен әр сыныптарда «Жасөспірімдер арасында зорлық-зомбылықтың, буллингтің, жыныстық тиіспеушіліктің алдын алу» тақырыбында жиналыстар өткізілді. Мақсаты: жасөспірімдер арасында буллингтің, зорлық зомбылықтың алдын алу, балалардың қадағалаусыз қалуының алдын алу. Жиналыс барысында ата-аналармен тренингтер жүргізілді. Балаларды интернет желісіндегі қауіптерден сақтау жолдарымен таныстырды. Жыныстық тиіспеушілік жайында мектеп медбикесі тоқтала өтіп, алдын алу жұмыстарын айтып өтті. Жиналысқа жалпы 21 ата- ана қатысты.

Ата-аналарды педагогикалық қолдау

Мектебімізде ата-аналарды педагогикалық қолдау бағдарламасына сай жауапты мұғалімдерге бұйрық шығарылып, жоспар әзірленді. Мектеп психологы К.К.Абильдина ата-аналармен жиналыс ұйымдастырып, ата-аналарды педагогикалық қолдау бойынша сабақтар өткізу жөніндегі нұсқаулықпен бағдарламамен таныстырды. Ата-аналарды педагогикалық қолдау Орталығының бағдарламалары балаларды тәрбиелеу және дамыту бойынша ата-аналық міндеттерді орындауды жеңілдетуге, ата-аналар мен балалардың нақты өмірде кездесетін мәселелерін шешуге ықпал етуге арналғандығын түсіндіріп өтті.

Тәрбие ісінің меңгерушісі ата-аналарға 1–4 сынып; 5–9 сынып; 10–11 сынып оқушыларының ата-аналары үшін жүргізілетінін айтып өтті. Әр бағдарлама жылына сегіз сабақты қамтиды, олардың екеуі үшеуі мектептің өзіне қатысты мәселелер мен тақырыптар бойынша өткізіледі. Орталықтың сабақтары кестеге сәйкес, әр түрлі формаларды қолдана отырып, жеке өткізіледі. Орталықтың қызметіне белсенді ата-аналарды, аға буын өкілдерін тарту көзделген. Ата-аналармен кездесу сабақ кестесіне сай өтеді.

5-9 сынып оқушыларының ата-аналарының қатысуымен **«Баланың бас ұстазы – ата-ана»** тақырыбында сабақтар ұйымдастырылды. Э.Ж.Тулеубекова ата-аналармен позитивті ата-ана болудың мәнімен, қағидаттарымен, әдістерімен таныстырып, жағдаяттық тапсырмалар орындады. Ата-аналарға қарындаш, түрлі-түсті бояулар таратылды. Ата-аналар түстер арқылы бейнелеп, тұлғаға деген құрметті салды. М.Тасболатқызы ата-аналармен «Сіздің балаңыздың портреті», «Позитивті ата-ана болу қағидаттары», «Сіздің балаңыздың күшті тұстары» тақырыбында ойындар ойнатқызды.

«Бағдаршам» әдісі арқылы қызыл және жасыл карталар таратылды. Өткізілген жұмыстарға ата-аналар өз бағаларын берді.

10-11 сынып оқушыларының ата-аналарымен сынып жетекші Л.Бұғыбай **«Боламын деген баланың бетін қақпа, белін бу»** тақырыбында дөңгелек үстел ұйымдастырды. Ата-аналармен оқушылардың болашақ мамандығы жайлы айтылды. Ата-аналармен «Адам өз өмірінің суретшісі» әдісі арқылы тренинг

ұйымдастырды. Ата-аналар сурет салып, өз баласы жайлы айтты. Балаға ренжуге болмайтыны, үнемі демеп отыруға кеңес берілді. Әр ата-ана өз суреті бойынша қысқаша тоқталып өтті. Ата-аналар **«Екі жұлдыз, бір тілек»** әдісі бойынша жиналысты қорытындылады.

1-4 сынып оқушыларының ата-аналарының қатысуымен **«Білімдіге дүние жарық»** атты сабақ өткізілді. Мектеп психологы К.К.Абильдина психологиялық ахуал ұйымдастырып, ата-аналармен түрлі тәсілдер арқылы амандасуға шақырды. Бастауыш сынып мұғалімдері ата-аналарды топқа бөлу арқылы тапсырмалар беріп, білімді оқушы постерін құрады. Ата-ана М.Нугербаева постерді қорғап, баланың оқуға ынтасын арттыру жолдарын және мектептің оқу процесіне сәтті бейімделуі үшін балалардың дағдыларын бірлесіп дамыту керектігін айтып өтті. Отбасында балаға ата-ана көңіл бөлсе, оқушы ынтасы артатынын айтып өтті. Ата-аналарға сергіту сәттері мен тренингтер ұйымдастырылды. Сабақ соңында ата-аналар кері байланыс жасап, тілек білдірді. Жиналысқа 27 ата-ана қатысты.

1-4 сынып оқушыларының ата-аналарымен **«Әрбір бала – жарық жұлдыз»** тақырыбында спорттық сайыс ұйымдастырылды. Ата-аналар 3 топқа бөлініп, арқан тартыс, допты себетке лақтыру, эстафета, мерген сынды кезеңдер арқылы жарысты. Ата-аналар шапшаңдық танытып, жарыс қызықты өтті. Сайыс соңында қатысушыларға сұрақтар қойылып, «Баламның күші неде? Ол неге икемді және нені жақсырақ істейді?

«Баланың темпераментін ескере отырып, оның күшті жақтарын дамытуға қалай көмектесе аламын?» Оған қандай үйірмелер ұсынуға болады? деген сұрақтарға жауап берді. Жарыс соңында қорытынды шығарылып, ата-аналар марапатталды.

1-4 сынып оқушыларының ата-аналарымен **«Баланы жастан»** тақырыбында сабақ ұйымдастырылды. «Кел, сәлемдесейік» ойыны арқылы бастап, сәлем беру кезінде қалыптасқан тәсіл бойынша амандасу керек: Музыка естіледі – бәріміз залды аралап жүреміз.

Музыка 1-рет тоқтайды – қасына келіп қалған адаммен көзбен амандасамыз. Оның үстіне бүгін қандай көңіл-күйде екеніңізді де көзбен көрсетуге тырысыңыз. 2-рет – иіліп сәлемдесіміз. 3-рет – алақанды ашып қолымызды жоғары көтеріп амандасамыз. Сөйлесуге тыйым салынады.

Мектеп психолгы ата-аналармен «Тек көңілді сөздер» ойынын ойнап, берілген параққа балаңызға айтылатын көңілді сөздерді тізуді тапсырды. Ата-аналармен ашық алаң ұйымдастырылды. Баланың тапқырлығы мен эрудициясын қалай дамытуға болады? деген сұраққа өз ойларын ортаға салды. Ата-ана А.Шайхина ұлттық және отбасылық зияткерлік ойындар арқылы деп жауап берді. Басқада ата-аналар өз ойларын ортаға салды.

Л.Бұғыбай Абай атамыздың сөзімен «Адам – өз заманының перзенті. Жаман болса, замандастары кінәлі.» Жастарымызға біз – ата-аналар жауаптымыз деген сөзімен қорытындылады.

1-4 сынып оқушыларының ата-аналарымен **«Құмар ойындары – тәуелділік қақпаны»** атты дөңгелек үстел ұйымдастырылды. Ата-аналарға бастауыш сынып мұғалімдері таныстырылым көрсетіп, компьютерлік ойындардың түрлері

мен зияндары туралы айтты.

«Сұрақ-жауап» бойынша балалардың компьютерлік ойындарды пайдалануының «артықшылықтары» мен «кемшіліктерін» талқыланды.

+ Артықшылықтары	– Кемшіліктері
Әртүрлі онлайн ойындар және ақпарат көзі	Тәуелділікке әкелетін балалардың денсаулығы мен психикасына әсер ететін онлайн ойындар түрлерінің көптігі
Уақытты көңілді өткізу	Ойынға тәуелділік
Интернетте сауда жасау және шоттарды төлеу мүмкіндігі бар	Кибер қылмыскерлер, қауіпті бейтаныс Адамдардың болуы
Әлеуметтік желілерде таныстармен достарды іздеу	Кибералаяқтар

«Жасөспірімдер интернетте не істейді?» топтық жұмыс жүргізілді. Ата-аналар балалардың интернеттегі, әлеуметтік желде неліктен отыратындарын түсіріп, таныстырды.

Жиналыс соңында К.К.Абильдина Ұлы Абай Құнанбаев баланы тәрбиелеу үшін оның бойында «ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек» деген 3 қасиетті дамыту маңызды және баланы тәрбиелеуге оның ата-анасы жауапты екендігін айтып өтті.

5-9 сынып ата-аналарымен сынып жетекшілердің ұйымдастыруымен жиналыс ұйымдастырылды. Сынып жетекшілер ата-аналарға Балаңыз бесінші сыныпқа барғанда сізде туындаған қиындықта, Балаңыздың мектептегі қиындықтары тақырыбында пікір алмасты. Әр ата-ана өз баласына қысқаша тоқталып, баласы жөнінде айтып өтті. **«Мен балаға қалай көмектесе аламын» тренингі «Шешім ағашы»** – А4 қағазбен жұмыс: ата-аналар жағдайдың шешімін жазады, содан кейін қағаздарымен ауысып, көршілердің қағазына өз идеяларын қосады.

«Додоказдр» әдісі арқылы ата-аналар берілген сұрақтарға жауап береді.

"Мен ата-ана сияқтымын" Сіздерде ата-ана ретінде қандай қасиеттер бар.

Жақсы ата-ана болуға көмектесетін сапалар, Жақсы ата-ана болуға кедергі келтіретін сапалар, мәселені шешу үшін сүйенетін сапалар Жақсартқыңыз келетін ең маңызды қасиеттерді айтыңыз

5-9 сынып ата-аналарымен сынып жетекшілердің ұйымдастыруымен **«Балаға үйрету: ақылыңды мейірімге орап бер»** атты жиналыс ұйымдастырылды. Алдымен "Танысу" сергіту-жаттығуы ұйымдастырылды. Қатысушылар жұптарға бөлінеді. Әр қатысушыға тапсырма беріледі: "Өзіңіз туралы екі қызықты фактіні бір-біріңізге айтыңыз. Басқалармен бөлісіңіз және сұхбаттасушыңызды таныстырыңыз".

"Баланың негізгі жас дағдарыстары" слайды көрсетіледі.

Э.Ж.Тулеубекова ата-аналармен жиналыс соңында «Ақылыңды мейірімге орап бер» атты қысқаша баяндама оқып, ата-ана мен бала арасындағы

мейірімділік туралы тоқталып, қорытындылады. Жиналысқа 18 ата-ана қатысты.

5-9 сынып оқушыларының ата-аналарымен дене шынықтыру пәнінің мұғалімдері **«Бұлақ көрсең, көзін аш» Шығармашыл тұлғаны тәрбиелейміз** тақырыбында спорттық сайыс ұйымдастырылды. Ата-аналар 3 топқа бөлініп, арқан тартыс, допты себетке лақтыру, эстафета, мерген сынды кезеңдер арқылы жарысты. Ата-аналар шапшаңдық танытып, жарыс қызықты өтті. Сайыс соңында қатысушыларға сұрақтар қойылып, қазіргі отбасы жағдайында балалардың шығармашылығын дамытудағы ұлттық балалар ойындарының маңызы туралы өз ойларын айтып, ұйымдастырушыларға алғыстарын білдірді. Жарыс соңында қорытынды шығарылып, ата-аналар марапатталды. Жарысқа 19 ата-ана қатысты.

10-11 сынып оқушыларының ата-аналарымен сынып жетекшілер **«Құмарлыққа бой алдыру – тәуелділік құрдымы»** тақырыбында дөңгелек үстел ұйымдастырды. Ата-аналарға QR-кодты сканерлеу арқылы тәуелділік түрлері (тамақ, алкоголь, есірткі, химия, вейпинг, құмар ойындар және т.б.) жайында сөз қозғалды. **Бейнероликті көру** Бұл бейнетаспада белсенді тәуелділіктің психобелсенді заттарды қолданудағы күтілетін нәтижесі көрсетілген. Баладағы құмар ойындарға тәуелділіктің белгілері туралы ой қозғап, балаларының зиянды заттардан аулақ болуын қадағалау тапсырылды. «Әкені көріп ұл өсер, ананы көріп қыз өсер» деп ең алдымен біздерге қарап, балаларымыз бой түзейді. Рефлексия.

Жиналыс соңында осындай өзекті тақырыпты талқылауға атсалысқандары үшін алғыс айтты. Жиналысқа 10 ата-ана қатысты.

«Мектепке жол» акциясы кезінде көрсетілген көмек

Жыл сайын 1 тамызда «Мектепке жол» республикалық акциясы мектеп оқушыларының арасындағы қамқорлықтағы балаларды, жағдайы төмен, көп балалы отбасылар, әлеуметтік қауіпті жағдайларға тап болған отбасындағы балаларды анықтай отырып, «Мектепке жол» акциясы ұйымдастырылады.

Акция мақсаты – оқумен қамтылмаған оқушыларды анықтау, аз қамтылған және көп балалы отбасыларының оқушыларына, жетім балаларға, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларға жаңа оқу жылына дайындалуына материалдық көмек көрсету және әлеуметтік жағдайы бойынша мектепке келмеудің алдын алу.

2021-2022 оқу жылында «Мектепке жол» «Балаларға бірге көмек берейік!» акция барысында Шөптікөл жалпы орта білім беру мектебінде оқитын аз қамтылған, көп балалы және толық емес отбасының балаларына демеушілік жасап, қайырымды ісімен ерекшеленген «Майкөбе кенші» АҚ-ның директоры Ахметбаев Нұрлан Шарипович мырза 11-оқушыға 25 мыңнан ақшалай көмек берді жалпы құны 275 мың теңгені құрады.

2021 -2022 **«Мектепке жол»** жалпы республикалық акциясының өткізілу барысында көмек қажет ететін 11 білім алушы анықталды:

№	Аты-жөні	Сыныбы	Әлеуметтік жағдайы
1	Болат Алдияр	1	Көп балалы отбасы
2	Еділ Ербатыр	1	Көп балалы отбасы
3	Серік Ералы	1	Көп балалы отбасы
4	Кәкім Қарақат	6	Көп балалы отбасы
5	Болат Махаббат	5	Көп балалы отбасы
6	Бораш Далида	2	Көп балалы отбасы
7	Ғабдулғазиз Мансұр	5	Көп балалы отбасы
8	Тимур Әмір	2	Азқамтылған отбасы
9	Әшірбек Айғаным	6	Азқамтылған отбасы
10	Мажитова Әдемау	8	Азқамтылған отбасы
11	Аблешов Мирас	9	Азқамтылған отбасы

2022-2023 оқу жылында «Мектепке жол» акциясы аясында «Майкөбе кенші» демеушілігімен 7- оқушыға 40 мың теңгеден жалпы құны 280 мың теңге қаражат берілді

2022 -2023 «Мектепке жол» жалпы республикалық акциясының өткізілу барысында көмек қажет ететін 7 білім алушы анықталды:.

№	Аты-жөні	Сыныбы	Әлеуметтік жағдайы
1	Болат Дархан	3	Көп балалы отбасы
2	Еділ Ербатыр	2	Көп балалы отбасы
3	Кәкім Дәмірбек	10	Көп балалы отбасы
4	Болат Санжар	8	Көп балалы отбасы
5	Тимур Әмір	3	Азқамтылған отбасы
6	Ғабдулғазиз Мансұр	6	Көп балалы отбасы
7	Серік Ералы	2	Көп балалы отбасы

2023-2024 оқу жылында «Мектепке жол» «Балаларға бірге көмек берейік!» « Майкөбе кенші» АҚ-ның директоры Ахметбаев Нұрлан Шарипович мырза 9- оқушыға оқу құралдарын алып берді.
<https://www.instagram.com/p/CvlzWpIIpE4/?igsh=cjdrdWUycXF3OWZh>
<https://www.instagram.com/p/CiMhDiMIt0E/?igsh=eHl3MHduMmx5dTMx>

2023 -2024 «Мектепке жол» жалпы республикалық акциясының өткізілу барысында көмек қажет ететін 9 білім алушы анықталды:

№	Аты-жөні	Сыныбы	Әлеуметтік жағдайы
1	Серік Ералы	3	Көп балалы отбасы
2	Еділ Ербатыр	3	Көп балалы отбасы
3	Болат Алдияр	3	Көп балалы отбасы
4	Серік Нұрислам	2	Көп балалы отбасы
5	Тимур Әмір	4	Азқамтылған отбасы
6	Болат Дархан	4	Көп балалы отбасы
7	Серікжан Нәрине	5	Көп балалы отбасы

8	Ғабдулғазиз Мансұр	7	Көп балалы отбасы
9	Қуаш Нарғыз	2	Көп балалы отбасы

<https://www.instagram.com/p/CiMhDiMI0E/?igsh=eHl3MHduMmx5dTMxhttps://www.instagram.com/p/CUmmdnroRPk/?igsh=a2hmdjYwcmNoYmY3https://www.instagram.com/p/CS8TXxVoCDn/?igsh=MnBibWFhNDE5c2pv>

Жаппай біліммен қамту қорынан 2022-2023 оқу жылында атаулы көмек алған отбасылар саны -1, отбасындағы -1 оқушыға бір реттік көмек көрсетілді. Атаулы көмек 42416 тг құрады. Жалпы құны – 42416 мың теңге.

Жаппай біліммен қамту қорынан 2023-2024 оқу жылында атаулы көмек алған отбасылар саны- 9, отбасындағы 17- оқушыға ақшалай көмек берілді. Әр балаға 47300 теңге көлемінде , жалпы құны 804100 теңге көмек алды

№	Көмек түрі	2021-2022 о.ж.	2022-2023 о.ж.	2023-2024 о.ж.
1	Бюджет есебінен материалдық көмек	-	1оқушыға 42416 теңге	17 оқушы 804 100теңге
2	Демеуші есебінен	11- оқушыға 25000-нан ақшалай көмек берді, жалпы құны 275000 теңгені құрады	7- оқушыға 40 мың теңгеден жалпы құны 280 мың теңге қаражат берілді	9- оқушыға мектеп сөмкесі, оқу құралдарын берді. 54000 теңге.

Қамқоршылық кеңесі. Мектебіміздегі аз қамтылған, яғни атаулы әлеуметтік көмек алушы, атаулы әлеуметтік көмек алмайтын жан басына шаққанда күнкөріс деңгейінен төмен, тұл жетім ,қамқоршылық-қамқоршылықтағы балалар,жартылай жетім, көп балалы отбасылардан шыққан әлеуметтік осал топтағы балаларға қайырымдылық іс-шаралары үздіксіз ұйымдастырылып отырады. Соның бірі тамыз айындағы

Мектептің әлеуметтік паспорты 2021-2022 оқу жылы

Сынып жетекшілер және әлеуметтік педагог сыныптағы оқушылардың отбасылық материалдық тұрмыстық жағдайын тексеру жұмыстарын жүргізу мақсатында акт толтырды. Оқушылардың құжаттары жинақталып, өтініштерін мектеп басшысы бекітті.

Оқушылардың әлеуметтік тұрмыс - жағдайына зерттеу жөнінде мәліметтер жиналды.

Зерттеу жөніндегі мәліметтерге сүйене отырып, әлеуметтік паспорт құрылды.

Реті	Әлеуметтік санаттар	Саны	%
1	Барлық оқушылар	49	100%
	Санаты бойынша:		
2	Толық отбасылар	25	51%
3	Толық емес отбасынан	4	8,1%
4	Анасы жоқ балалар	-	-
5	Әкесі жоқ балалар	5	10%
6	Көп балалы отбасынан	7	14%
7	Аз қамтамасыз етілген отбасылар	4	8,1%
8	Жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар	-	-
9	Мүгедек балалар, мүмкіндігі шектеулі балалар	-	-
10	Өгей әке, өгей шешемен тұратын	-	-
11	Азаматтығы жоқ білім алушылар	-	-
12	Басқа мемлекеттің азаматы болып табылатын білім алушылар	-	-
13	Кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі бөлімде есепте тұрғандар	-	-
14	Мектепшілік бақылау есебінде тұрғандар	-	-
15	Жалпы ата-аналар	49	100%
16	Жоғары	3	61%
17	Арнаулы орта	18	36,7%
18	Орта білімді	28	57,1%

**Мектептің әлеуметтік паспорты
2022-2023 оқу жылы**

Реті	Әлеуметтік санаттар	Саны	%
1	Барлық оқушылар	33	100%
	Санаты бойынша:		
2	Толық отбасынан	22	95,4%
3	Толық емес отбасынан	1	4,6%
4	Анасы жоқ балалар	-	-
5	Әкесі жоқ балалар	1	4,6%
6	Көп балалы отбасынан	7	31,8%
7	Аз қамтамасыз етілген	1	4,6%
8	Жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар	-	-
9	Мүгедек балалар, мүмкіндігі шектеулі балалар	-	-
10	Өгей әке, өгей шешемен тұратын	-	-
11	Азаматтығы жоқ білім алушылар	-	-

12	Басқа мемлекеттің азаматы болып табылатын білім алушылар	-	-
13	Кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі бөлімде есепте тұрғандар	-	-
14	Мектепшілік бақылау есебінде тұрғандар	-	-
15	Жалпы ата-аналар	33	100%
16	Жоғары	10	45,5%
17	Арнаулы орта	8	36,3%
18	Орта білімді	15	68,2%

**Мектептің әлеуметтік паспорты
2023-2024 оқу жылы**

Реті	Әлеуметтік санаттар	Саны	%
1	Барлық оқушылар	35	100
	Санаты бойынша:		
2	Толық отбасынан	20	95,2%
3	Толық емес отбасынан	1	4,8%
4	Анасы жоқ балалар	-	-
5	Әкесі жоқ балалар	-	-
6	Көп балалы отбасынан	10	48%
7	Аз қамтамасыз етілген отбасылар	1	4,8%
8	Жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар	-	-
9	Мүгедек балалар, мүмкіндігі шектеулі балалар	-	-
10	Өгей әке, өгей шешемен тұратын	-	-
11	Азаматтығы жоқ білім алушылар	-	-
12	Басқа мемлекеттің азаматы болып табылатын білім алушылар	-	-
13	Кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі бөлімде есепте тұрғандар	-	-
14	Мектепшілік бақылау есебінде тұрғандар	-	-
15	Жалпы ата-аналар:	21	
16	Жоғары	7	33,3%
17	Арнаулы орта	12	57,1%
18	Орта білімді	2	9,5%

Тегін ыстық тамақты ұйымдастыру

Мектеп бойынша асханада тамақ ішетін орын 19 оқушыға арналған. Білім алушылар екі мезгілмен тамақ ішеді. Меню бекітілген. Медбике күнделікті тамақ беруді қадағалап отырады. Тегін ыстық тамақты ұйымдастыру бойынша қамқоршылық кеңесінің отырысының хаттамасына сәйкес аз қамтылған, көп балалы отбасынан шыққан білім алушыларды тегін ыстық тамақпен төмендегі кесте бойынша қамтамасыз етілді. Жалпы мектеп бойынша жаппай біліммен қамту қорынан бөлінген қаражаттан тегін ыстық

тамақпен қамтылудың үш жылдық көрсеткіші.

Оқу жылы	Тегін ыстық тамақпен қамтылған оқушылар саны
2021-2022	32
2022-2023	23
2023-2024	19

Жыл бойы арнайы бекітілген бракераждық комиссия мүшелері асхана тазалығы, тамақтың дайындалу сапасы, тамақтың ас мәзіріне сай келуін, сатылымдағы тағамдардың дайындалу сапасы, оқушылардың уақытылы келіп тамақтануы т.б. бақылау жасап акт толтырды. Әкімшілік мүшелері Қ.Қ.Абильдина, әлеуметтік педагог Т.Е.Жумабаева, Мектеп психологі Қ.Қ.Абильдина қамқоршылық кеңесінің төрайымы А.А.Токтамысова асхана жұмысына тексеру жүргізіп, акт толтырылды. <https://www.instagram.com/p/CofD3Q2IFcv/?igsh=MXFtY3l5NjE0eWFzag==> Тексеріс барысында ешқандай кемшілік байқалмады. Сынып жетекшілер тегін тамақ ішетін оқушыларды дәл уақытында жіберіп отырды. <https://www.instagram.com/p/Czqq5rxol1d/?igsh=MWRhY3l6ZGhqMG94cA==>

Шөптікөл жалпы орта білім беру мектебінде Жасқырандықтарға арналған "Жасқыран Life" облыстық жобасының 1-кезеңі "Күшті, епті, жылдам" көңілді эстафетасы өтті. Эстафетаны ұйымдастырған: Дене шынықтыру нұсқаушысы Хурманбай Телейхан, аға тәлімгер Тасболатқызы Майра. https://www.instagram.com/reel/Cw7Ha1bIeAV/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

Ұстаздар күніне орай мектебімізде «Ұстаз аты-биік, әрі мәңгілік» атты мерекелік концерт және жоғары сынып оқушыларының ұйымдастыруымен «»Дублер» күні ұйымдастырылды. 23-қазан күні «Мектеп президентін сайлау» өтті. Сайлауға 1-11 сынып оқушылары қатысып, дауыс беру арқылы өз таңдауларын жасады. Алғашқы дауыс беруші 1-сынып оқушыларына шоколад таратылды. Дауыс беру нәтижелері бойынша және сайлау комиссиясының шешімімен 11-сынып оқушысы Кәкім Дәмірбек «Мектеп президенті» болып тағайындалды. <https://www.instagram.com/reel/Cyuzuwa0oNwh/?igsh=MXYZajVwajl2eDB3YQ=>

24 қазан күні Республикалық Жас Ұлан, Жас қыран балалар мен жасөспірімдер жүйімына қабылдау салтанаты өтті. Жас Қыран ұйымына 4 оқушы, Жас Ұлан ұйымына 5 оқушы қабылданды. <https://www.instagram.com/reel/CzEGu9JlBco/?igsh=ZzM4aXZwN3dpaTF4>

Алтын күз-әсем айналам атты 1-4 сыныптар арасында іс-шара өткізілді. Іс-шара сайыс түрінде өтті. Оқушылар 4 кезең бойынша өз-өнерлерін көрсетті. Бастауыш сынып оқушылары өте белсенділік танытты. 2 және 3 сыныптың ұпайлары тең

болып 1 орынға ие болды.

<https://www.instagram.com/reel/CyxbE66olKv/?>

[utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==](https://www.instagram.com/reel/CyxbE66olKv/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==)

15-қараша Ұлттық валютамыздың 30-жылдығына орай «Ұлт мақтанышы – ұлттық теңге» тақырыбында танымдық сағаты өтті. Танымдық сағаты барысында оқушыларға «Ұлттық теңге тарихы» тақырыбында бейнеролик көрсетілді. Сонымен қатар, ұлттық теңгеміздің шығу тарихы туралы баяндама оқылды. Жаңа жыл мерекесіне орай 5-7сынып оқушыларымен түстер кеші ұйымдастырылды.

<https://www.instagram.com/reel/C1dv2V1oKF6/?>

[utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==](https://www.instagram.com/reel/C1dv2V1oKF6/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==)

Шөптікөл жалпы орта білім беру мектебінің оқушылары "ЭКО BOOM" жобасы аясында "Құстарға арналған дәмхана" акциясы барысында көркем еңбек пәнінің мұғалімі Нугербаев Б.К.-пен бірге ұя жасап, жасаған ұяларын орманға апарып орнатып, сонымен қатар құстарға жем салды.

<https://www.instagram.com/p/C6Jz2LGIMMS/?igsh=d201OTgzbGdhNGlo>

1-наурыз Алғыс айту күніне орай Адал Ұрпақ ұйымының оқушылары мен Аға тәлімгер Тасболатқызы М. мұғалімдерге алғыс айту негізде тәттілермен бөлісті.

https://www.instagram.com/reel/C37_3iZi0TB/?

[utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==](https://www.instagram.com/reel/C37_3iZi0TB/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==)

8-наурыз Халықаралық әйелдер күніне орай мектеп оқушыларының қатысуымен «Ана – өмірдегі ең қымбатты жан» атты мерекелік концерт өтті. Оқушылар әсем әндерден шашу шашып, күй ойнап,мың бұралған бишілер билерін тарту етті. Мерекелік концерт өте жоғары деңгейде өтті. Мерекелік шараға жиналған ақ жаулықты аналарымыз шара соңында жылы лебіздерін білдіріп, шашу шашты.

Сәуір айында оқушыларды адалдыққа, мейірімділікке баулу, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында «Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ!» апталығы өтті. Апталық барысында жоспарға сәйкес жұмыстар атқарылды. Апталық «Адалдық дүкенімен» басталды. Сатушысыз дүкеннің мақсаты оқушыларды адалдыққа баулу. 5-11 сынып жетекшілері «Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ!» тақырыбында сынып сағаттарын өткізді. 1-4 сыныптар арасында «Біз сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз!» тақырыбында сурет көрмесі өтті. Сурет көрмесіне белсене қатысқан барлық оқушыларға диплом және тәтті шоколад табысталды. Апталық аясында дене шынықтыру нұсқаушысы Жанузаков К.К. және мектеп парламенті оқушыларға «Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ!» тақырыбында жадынамалар таратып, түсіндіру жұмыстарын жүргізді. «Сыбайлас жемқорлықсыз әлем» тақырыбында аға тәлімгерлердің ұйымдастыруымен 9-11 сынып оқушылары арасында пікір-талас өтті. 5-10 сынып оқушылары арасында «Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ!» атты сынып сағаттары өтті.

https://www.instagram.com/p/C6GYEr_oXdw/?

[utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==](https://www.instagram.com/p/C6GYEr_oXdw/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==)

«Адал ұрпақ» еріктілер клубы жоспарына сәйкес өткізілген іс-шаралар: «Салауатты өмір салтын ұстаймыз. Зиянды заттардан аулақпыз.» адалдық сағаты. Адам бақытты болу үшін оған денсаулық керек, ао денсаулықтың кепілі-

салауаттылық.

<https://www.instagram.com/p/C6MRK4ovlb/?igsh=MWZwcDAzZWVkeXdoNQ==>

« Менің болашақ мамандығым» тақырыбында 5-7 сынып арасында сурет байқауы

<https://www.instagram.com/p/C7Ec6BVowYN/?>

utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

“Қоғамдық тәртіп негіздері” пікірталас практикумы өткізілді. Жасөспірім балалардың назарын өз құқықтары мен міндеттерін түсіну мен білу қажеттілігіне аудару.

https://www.instagram.com/p/C6MRes9oyhz/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

“Таза

Қазақстан”

Республикалықэкологиялықакциясыөткізілді.[https://www.instagram.com/reel/](https://www.instagram.com/reel/C6N6lABI8Nj/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==)

C6N6lABI8Nj/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

Мектеп оқушыларымен бірге көңілді үзілістер ұйымдастырылып отырды.

<https://www.instagram.com/reel/C2ulq9yozbT/?>

utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

https://www.instagram.com/reel/C295XX_INR0/?

utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

Қамқоршылар Кеңесі

Қамқоршылық кеңес қызметінің негізгі мақсаты мектепке жарғылық функцияларды жүзеге асыруға жәрдемдесу болды. Қамқоршылық кеңестің құрамына кәсіпкерлердің, қоғам қайраткерлерінің өкілдері, оқушылардың заңды өкілдері кіреді. Қамқоршылық кеңес қызметінің қағидаттары - еріктілік, теңдік, алқалылық және жариялылық. Қамқоршылық кеңес мүшелерінің өз функцияларын орындауы тек өтеусіз негізде жүзеге асырылды. Еңбек ұжымының, білім алушылардың материалдық- техникалық базасын нығайтуға, денсаулығын қорғауға, білім алушылардың қабілеттері мен таланттарын дамытуға, оқу, еңбек және демалыс үшін қолайлы жағдайлар жасауға бағытталған заңды өкілдерінің күш-жігерін біріктіру. Сондай-ақ кеңес мүшелері спорттық-бұқаралық, дене шынықтыру-сауықтыру, әлеуметтік-мәдени, білім беру іс-шараларын өткізуге көмек көрсетеді; білім беру саласында ынтымақтастық орнатуға жәрдемдеседі.

Қорытынды: мектептің тәрбие жұмысын қанағаттанарлық деп тану, патриоттық тәрбиенің нысандарын белсендіру және әртараптандыру, оқушылар мен ата-аналарды әлем мәдениетіне, ғылымға, өнердің түрлі салаларына, ұлттық салт-дәстүрлерге, сыныптық және қоғамдық іс- шараларға қатысу арқылы баулу.

11-сынып оқушыларының оқу көрсеткіштерінің бірі, мектеп жұмысының табыстылығы түлектердің жоғары оқу орындарына түсуі болып табылады.

Жыл	Барлық түлектер	Оқу орны				Оқыту нысаны	
		ЖОО		колледж		Грант/бюджет	
		саны	%	саны	%	саны	%
2020-2021	17	15	88,2%	2	11,7	5	29,4%
2021-2022	10	8	80%	2	20	2	20%
2022-2023	6	6	100%	0	0%	2	33%
Барлығы	3329		%	0	%	9	27%

11-сынып түлектерінің жоғары оқу орындарына түсу нәтижелілігі бағаланатын кезеңде орта есеппен 87,8% құрайды, бұл іске асырылатын бейіндік пәндердің, қолданбалы курстар бағдарламаларының және таңдау бойынша курстардың тиімділігін дәлелдейді.

Бұл жұмыстың нәтижелері 9 сынып түлектерін жұмысқа орналастыру қорытындысында көрсетілген:

Жыл	Бітірушілер саны	10сыныпқа қабылданғандар		Колледжге түскен оқушылар	
		саны	%	саны	%
2020-2021	32	5	15,6%	27	84,4%
2021-2022	62	27	19,4%	12	25%
2022-2023	48	31	64,6%	17	35,4%
Барлығы	142	63	44%	56	39,5%

Оқу жылының қорытындысы бойынша барлық түлектер жұмысқа орналастырылды. Осылайша, мектепте негізгі мектеп түлектерінің болашақ қызметінің бейіндік бағытын таңдауға қатысты өзін-өзі анықтауын қамтамасыз ететін жағдайлар жасалады

Мектептің психологиялық қызметі

Мектепте оқушылардың психикалық-психологиялық денсаулығына, олардың әлеуметтенуіне және әлеуметтік бейімделуіне қолдау көрсету мақсатында психологиялық қызмет жұмыс істейді.

Мектептің психологиялық қызметінің негізгі мақсаты – білім беруді ұйымдастыруда қолайлы әлеуметтік-психологиялық ахуал туғызу, оқушылардың психологиялық денсаулығын сақтау, оқу-тәрбие процесіне барлық қатысушыларға психологиялық қолдау көрсету.

Психологиялық қызметтің міндеттері:

- оқушылар арасында аутодеструктивті мінез-құлық пен зорлық-зомбылықтың барлық түрлерінің алдын алу жұмыстарын ұйымдастыру;
- әртүрлі зорлық-зомбылық фактілерін азайту мақсатында мектептің оқу-тәрбие үдерісінің субъектілері арасында тәрбиелік және профилактикалық жұмысты күшейту;
- 4,5,10 сынып оқушыларының сабақтастығы бойынша жұмысты жандандыру;
- қорытынды мемлекеттік аттестацияға дайындық кезеңінде 9,11 сынып оқушыларына психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету;
- оқушылардың стресске төзімділігін арттыру, психикалық денсаулығын сақтау және нығайту үшін кеңістікті ұйымдастыру;
- жеке консультациялар, семинарлар, тренингтер жүйесі арқылы білім беру процесінің барлық субъектілерінің психологиялық-педагогикалық құзыреттілігін арттыру.

Жүйеде алға қойылған міндеттерді жүзеге асыру бойынша жұмыстар жүргізіледі:

«Шөптікөл жалпы орта білім беру мектебі» КММ педагог-психологының жұмысы Қазақстан Республикасының қолданыстағы негізгі құжаттарына негізделген:

- Қазақстан Республикасының Конституциясы;
- Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы;
- БҰҰ-ның Бала құқықтары туралы конвенциясы;
- «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;
- «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы (24.11.2021 ж. өзгертулер мен толықтырулармен);
- Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі (02.07.2021 ж. өзгертулер мен толықтырулармен);
- «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы (01.07.2021 ж. өзгертулер мен толықтырулармен);
- «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі (01.07.2021 ж. өзгертулер мен толықтырулармен);
- «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;
- Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі;
- «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы.

2021 жылғы сәуірден бастап оқу жылының кезеңінде педагог- психологтың құжаттамасы «HR+» психологиялық педагогикалық мониторингтің автоматтандырылған жүйесі (ППМАЖ) шеңберінде электронды форматта жүргізіледі.

Барлық психодиагностикалық жұмыстар жұмыс жоспарына сәйкес жүргізіледі. Психодиагностика нәтижелерімен ата-аналар (ата-аналар жиналысында және топтық және жеке консультациялар барысында) және мұғалімдер таныстырылды.

Педагог-психологтың психодиагностикалық жұмысы келесі әрекеттерді қамтиды:

- 1, 5-сынып оқушыларының бейімделуін зерттеу;
- 1, 10 сынып оқушыларының мотивациялық сферасын зерттеу (ППМАЖ шеңберінде);
- MEDIS 1-сынып оқушыларының интеллектуалдық дамуының диагностикасы;
- Филлипс бойынша 5-сынып оқушыларының мазасыздану деңгейін зерттеу (ППМАЖ шеңберінде);
- 9-сынып оқушыларының кәсіби өзін-өзі анықтауға арналған диагностика (Голланд әдісі, «Ойлау түрі» әдісі, Йовайши әдісі).
- 4-сынып оқушыларының психикалық дамуын Э.Ф.Замбцявичененің анықтауы (ППМАЖ шеңберінде);
- дифференциалды диагностикалық сауалнама Е.Д. Климов 9 сыныпта (ППМАЖ құрамында);
- тұлғааралық қатынастарды зерттеу (социометрия);
- Қондаш мазасыздану диагностикасы 9, 10 сынып (ППМАЖ аясында);
- 8-сынып оқушыларының депрессиялық және невротикалық жағдайын анықтау диагностикасы (ОЖЖ);
- 8.9 сынып оқушыларының агрессивтілігінің түрін анықтау диагностикасы (Басс-Дарки тесті) (ППМАЖ шеңберінде);
- СТУ 9-сынып оқушыларының интеллектуалдық дамуының диагностикасы (ППМАЖ шеңберінде);
- «Мектептегі оқудың басталуына дайындықты психологиялық-педагогикалық бағалау» Н.Я. Семаго және М.М. Semago.

Мектеп психологының ата-аналармен жүргізетін тәрбиелік-алдын алу жұмыстарының мазмұны балалардың өзекті мәселелерін талдау болып табылады.

Сынып жиналыстарында, ата-аналар күндерінде психологиялық әңгімелесу барысында педагог-психолог бала дамуының осы кезеңінде бала мен ата-ана қарым-қатынасының тиімді түрлерін ұсынады.

Оқу жылында келесі ата-аналар жиналысы өткізіледі:

- «1-сынып оқушыларының ата-аналарына психологиялық көмек»;
- «5-сынып оқушыларының бейімделу кезеңінде ата-аналарға

психологиялық көмек көрсету»;

- «Жасөспірімдік ата-аналарға психологиялық көмек»;

- «4-сынып оқушыларының ортаңғы буынға өтуге дайындығы» оқыту элементтерімен.

- «Махаббатпен тәрбиелеу» (2-3 сыныптар);

- «Бала тәрбиесіндегі отбасының рөлі» (6-7 сыныптар);

- ата-аналарды «Мектептегі жасөспірімдердің дене және психикалық денсаулығын нығайту және деструктивті мінез-құлқының алдын алу бағдарламасы» туралы ақпараттандыру (8 сынып);

- 9-10 сыныптардағы аймақтық кәсіптік бағдар беру кәсіпорны туралы ата-аналарды хабардар ету (ППМАЖ бағдарламасы бойынша);

Ата-аналармен консультативтік-профилактикалық жұмыс жүргізу үшін жеке консультациялар өткізіледі (сұраныс бойынша).

- оқушылардың эмоционалдық жағдайын тұрақтандыруға, мазасыздану, агрессивтілік деңгейін төмендетуге, әлеуметтік интеллектін арттыруға және өзін-өзі реттеу дағдыларын дамытуға бағытталған жеке түзету сабақтары;

- мектептің ақпараттық сайтында және жасөспірімдермен чаттарда сенім телефондарын орналастыру.

Емтихандарды тапсыру кезеңінде (9,10-сыныптар) оқушыларға психологиялық қолдау көрсету мақсатында тренинг элементтері бар бірқатар сабақтар өткізіледі:

- «Емтиханға ойша қалай дайындалу керек?»;

- «Стресс. Стрестік жағдайдан шығу жолдары»;

- «Сезімдер мен эмоциялар»;

- «Менің құндылықтарым»;

- «Өзімді басқаруды үйрену»

- «Жақында емтихандар келеді» (кеңестер, бейнелер, жадынамалар, 9- 10 сыныптар) т.б.

Психологиялық қызметтің маңызды бағыты суицидтік мінез-құлықтың алдын алу бойынша жұмыс болып табылады.

2017 жылдан бастап мектеп Республикалық суицидтің алдын алу бағдарламасы бойынша жұмыс істейді. Бағдарлама аясында гимназияның мұғалімдерімен, техникалық қызметкерлерімен, 8-сынып оқушыларымен, ата-аналармен жұмыс жүргізілуде.

Бекітілген жоспар бойынша профилактикалық жұмыстар жүргізілуде. Жыл бойына бірқатар іс-шаралар өтеді:

- 8-сыныпта ата-аналар жиналысын өткізу;

- аз қамтылған, көп балалы отбасы балаларының және қорғаншылықтағы балалардың өмір сүру жағдайын зерттеу;

- ерекше педагогикалық назарды қажет ететін балалардың деректер банкін құрастыру;

- 7-11 сынып оқушыларымен жеке сабақтар (ата-аналардың өтініші бойынша);

- 1-11 сынып оқушыларына арналған «Қауіпсіз интернет» сынып

сағаттары;

- 8.9 сынып оқушыларына арналған «Эмоциялар. Эмоцияларды басқару», «Психикалық денсаулық дегеніміз не», «Біз кім үшін және не үшін оқимыз», «Бұл қиын жастық шақ», «Мектептегі жанжалдардың алдын алу».

- өткір психологиялық мәселелер бойынша ата-аналардың, балалардың немесе мұғалімдердің жеке консультациялары.

Сынып жетекшілері мен мектеп мұғалімдеріне психологиялық тәрбие беру мақсатында жыл бойына келесі семинарлар өткізіледі:

- мектеп қызметкерлері мен педагогикалық ұжымды суицидтің алдын алу бағдарламасын жүзеге асыруға оқыту;

- «Жалпы білім беретін мектепте бастауыш» (5 сынып оқушыларының бейімделу мәселелері);

- «4-сынып оқушыларының жалпы білім беретін мектепке көшуге психологиялық дайындығы»;

- «Өзімен үйлесімді» (тренинг элементтерімен сабақ);

- «Жас маман мектебі».

Сынып жетекшілері мен мұғалімдеріне педагогикалық қолдау және емтихан кезінде оқушыларды сүйемелдеу бойынша практикалық ұсыныстар да әзірленді.

Мектептің қашықтықтан оқыту кезеңінде психологиялық қызметтің басты назары тәрбиелік-алдын алу шараларына аударылады.

Мектеп қызметкерлер тобымен мектеп оқушыларымен бірлесіп жыл сайын келесі іс-шаралар өткізіледі:

- құқықтық сауаттылық апталығы, алғыс айту күні, адалдық сағаты;

- сыныптар: «Қақтығыстарды шешуге үйрету» (5-6 сыныптар),

«Қорқыныш пен алаңдаушылықты жеңу жолдары» (5,8,9 сыныптар), «Өзін-өзі бағалау және талап қою деңгейі» (9 сыныптар), «Стресс және оның бір адамға тигізетін әсері» (7-9 сыныптар), «Уақытты басқару» (5-8 сыныптар), «Психологиялық тепе-теңдік» (6-8 сыныптар), «Менің өмірлік құндылықтарым» (9 сынып), «Кім үшін және не үшін оқимыз» (5-8 сынып), «Тыңдау және есту қабілеті» (5-8 сынып),

- ата-аналар жиналыстары: «Ата-ана балаға қашықтан оқыту кезінде мүмкін болатын күйзелісті жеңуге қалай көмектесе алады»,

«Оқушылармен психикалық денсаулық сабағын қалай өткізуге болады»,

«Отбасы және мектеп – қауіпсіз аймақ», «Қауіпсіз интернет».

Ата-аналармен жұмыс жасау үшін «Балалармен қарым-қатынас ережелері», «Бала агрессиясының алдын алу», «Ата-аналарға арналған 10 өсиет» ұсыныстары әзірленді.

Сынып жетекшілеріне – «Оқушылармен психикалық денсаулықты сақтау бойынша сабақты қалай өткізу керек».

Осылайша, мектептің психологиялық қызметі оқушылардың әлеуметтік-психологиялық және тұлғалық дамуына барынша көмек көрсетуді, психологиялық денсаулығын сақтауды және оқу-тәрбие үдерісінің барлық қатысушыларына психологиялық қолдау көрсетуді жүзеге асырады.

5. Оқу –материалдық активтер

5.1. Мектептің техникалық сипаттамасы

№		Жалпы сипаттамасы		
1	Салынған жылы	1958 ж		
2	Жалпы аймағы	2,6622		
3	Тиімді аймақ	1306,21		
4	Жылыту жүйесі	Автономдық	Бөлек орнатылған қазандық	
5	Сумен қамту жүйесі	Тасымалды	Ыстық су бар	
6	Әжетхана	Ғимарат ішінде		Жеке кабинкалар
7	Оқу жоспарлары мен жоспарларға сәйкес оқу кабинеттерінің саны жеткілікті	10 кабинет S-430,4 шаршы метр	Оқу құрал-жабдықтарымен, оқу-әдістемелік құралдармен жабдықталған	2021-2024 жж: Бастауыш сынып – 4 Қазақ тілі - 1 Математика – 1 Информатика –1 Тарих– 1 Биология – 1 Физика – 1 АӘД – 1 Психология – 1
8	Лингвистикалық кабинет	жоқ		
9	Мультимедиялық кабинет	2		
10	Спорт залының болуы	бар	214,73 шаршы метр	
11	Душтармен жабдықталған шешінетін бөлмелердің болуы	Шешінетін бөлме бар, душтармен жабдықталмаған		
12	Асхана	36 отырғызу орны	2 электр плита, тоңазытқыш, 1 мұздатқыш 1	
13	Кітапхана	6 отырғызу орны	1 компьютер	1. Мектепке дейінгі тәрбиенің оқу әдебиеті 2. Бастауыш сыныптың оқу әдебиеті 3. Орта сыныптың оқу әдебиеті 4. Жоғарғы сыныптың оқу әдебиеті

14	Акт залы	Бар	Музыкалық жабдықтар	
15	Медициналық кабинет	бар		
16	Процедуралық кабинет	Жоқ		
17	Тіс дәрігерінің кабинеті	Жоқ		
18	Шеберханалар	1		
19	Тоқпен қамту жүйесі	Өрт сөндіру, тоқпен қамту	Кабелдің техникалық сипаттамасы тоқтың қолданылуына сай	
20	Интернет пен телефонизацияның қосылуы	Интернет жылдамдығы 10 мб/сек-ке дейін 1 телефон нөмірі	Кеңжолалық интернет	
21	Күрделі жөндеудің өткен уақыты	2021 ж		
22	Жабдықталған спорт алаңдарының болуы	жоқ	Волейбол алаңы	
23	Өрт қауіпсіздігі	Автоматты өрт дабылы. Дыбыстық дабыл жиынтығы	15 өрт сөндіргіш бар. Уақытылы техникалық тексеру және қайта жүктеуден өтеді.	
24	Антитеррор	19 видеокамера, оның ішінде 13 ішкі, 10 сыртқы. Дабыл түймесі, дыбыстық хабарландыру.		

2021-2024 жылдар аралығында материалдық-техникалық база нығайтылды:

Планшеттер – 5 дана, ноутбуктер– 15 дана, киімге арналған шкаф – 2 дана, принтер – 2 дана, МФУ – 2 дана, кітапхана сөрелері – 2 дана, асхана сөрелері – 2 дана, асхана үстелі – 8 дана, жиектелген кеңсе туы – 1 дана, электр пеші – 2 дана, дозатор - 12 дана, технология кабинеті – 1 дана.

5.2. Оқу және материалдық құндылықтар.

Мектеп ауданы 2,6622 га құрайды. Мектепке кіре берісте әкімшілік пен сынып жетекшілері күнделікті кезекшілікте тұрады. Мектеп ғимаратында полицияға шұғыл қоңырау шалу үшін дүрбелең түймеі, сондай-ақ өрт дабылы орнатылған. Мектеп ғимаратының кіре беріс бейнебақылау камералары арқылы бақыланады. Мектепте 19 видеокамера іске қосылған. Оның ішінде 6 сыртқы, іште 13 орналасқан. Мектептің бейнебақылау жүйесі келесі аудандарды тиімді визуалды бақылауды қамтамасыз ететіндей етіп салынған: мектеп аумағының сыртқы периметрі, ғимараттық кіреберісі, коридорлар, баспалдақ аланы, шағын орталықтың сыртқы периметрін, коридорлар, жатын бөлмесі, ойын бөлмесі, қазандық ғимаратының іші-сырты. Бейне бақылау бойынша, Өрт қауіпсіздігі бойынша келісім шартқа отырған ұйым «Қасқыр күзет» ЖШС жылына екі рет тексеру жұмыстарын жүргізіп отырады. Қажет болған жағдайда шақырту бойынша туындаған ақаулықтарды жойып отырады. Жылына бір рет өрт сөндіргіштерді ауыстырып отырады. Мектеп 120 оқушы қабылдауға арналған. Ғимараттың инфоқұрылымы санитарлық – эпидемиологиялық талаптарға сай. Үй-жайлардың жарық және ауа-жылу режимдері, қауіпсіздік шаралары, өртке қарсы сақтық шаралары сақталған.

Санитарлық ережелерге сәйкес келетін ішкі санитариялық бөлмелері бар.

Білім алушыларға медициналық көмек көрсету үшін жабдықталған медициналық кабинет бар. Оқушыларды жыл сайынғы кешенді тексеруді аудандық емхананың дәрігерлер тобы жүргізеді.

Мектепте дене шынықтыру сабақтары мен спорт секциялары өткізілетін 214,73 шаршы метрлік спорт залымен жабдықталған. Мектеп 10 оқу кабинеттерімен жабдықталған.

Мектепте модификация кабинеттері биология мен тарих, соған тиісті құрал-жабдықтары да бар.

Кабинеттер оқу жабдықтарымен, жиһаздармен қамтамасыз етілген. Мектепте 15 ноутбук, 5 планшет бар. Асханада қажетті технологиялық жабдықтар бар, оны жаңарту қажету. Мектепте ішкі дәретхана бар; ұлдарға 2 және қыздарға 2 дәретхана. Ішінде 2 раковина, 4 унитаз, 2 қол кептіретін.

Мектеп жаңында «Балапан» шағын орталығы бар. Шағын орталыққа кіру есігі сыртта орналасқан. Онда 10 бала тәрбиеленуде. Бақша іші балалардың оқу-тәрбиесіне сай толық құрал – жабдықтармен қамтамасыз етілген. Ішінде 2 раковина, 2 унитазы бар. Жатын, ойын, тамақ ішу бөлмелері бөлек.

Жалпы мектебіміз бүгінгі оқу-тәрбие талабына сай жұмысын жүргізуде.

Мектеп оқушыларына медициналық қызмет көрсету.

Медициналық қызметке лицензия № 18021975 2018 жылы 06 желтоқсанда берілген. Мерзімі-шектеусіз.

Мектеп мейірбикесі – Какенова Марал Борашевна

Екібастұз медициналық колледжін 2000 жылы «Мейірбеке ісі» мамандығы бойынша бітірген. Мамандығы бойынша медициналық біліктілігін арттыру курсы

06.01.2020 жылы маман сертификаты бар. Тіркеу № KZ85VBM01027678

Сертификат 06.01.2025 жыл жарамды.

Медициналық кабинет бар. Медицина кабинеті мектептің бірінші қабатында орналасқан. Кабинеттің жалпы көлемі 36,0 кв.м. Күн сайын тазалық жұмыстары жүргізіліп отырылады. Медициналық кабинеті медициналық құрал-жабдықтармен жабдықталған. Медициналық қызмет кабинетінің жұмыс тәртібі – 5 жұмыс күні.

Мектеп ШЖҚ «Баянауыл аудандық ауруханасы КМК» шартқа отырғызылған. Санитарлық қағидаларға сәйкес мектептің медициналық қызмет кабинетінде жеке пайдалануға арналған жабдықтар: 1 жазу үстелі, 1 орындық, 1 кушетка, 1 іс-қағаздар шкафы, 1 мед.үстел, 1 тоңазытқы, 1 өлшегіш лентасы, 1 бакцириалдық шам, 1 таразы, 1 бой өлшегіш, 1 тонометр, 1 термометр, 1 қол жуғыш, шелек, т.б. медициналық жабдықтармен толық жабдықталған.

5.4. Білім алушыларға арналған тамақтандыру объектісінің болуы.

Мектеп бойынша асхана 36 орынға арналған. Асхананың жалпы ауданы – 272,48м². Бөлме саны – 11. Ас даярлайтын бөлменің ауданы – 43,7м². Ас ішетін бөлменің ауданы – 85,5м², қойма -39,61 м². ыдыс жуатын болме7

Ас ішу залында үстелдер, орындықтар, қолжуғыш, сұйық сабын, қоқыс салатын жәшік орналастырылған. Асханада «Ас адамның арқауы!» тақтасы, ақпараттық стендтер ілінген. Мектеп асханасында 1 аспазшы бар. Санитарлық кітапшалары талапқа сай, медициналық тексерістен уақытылы өткен. Жұмыс барысында халат, фартук, орамал, екінші аяқ киім киеді. Ас пісіру барысында қолдарына арнайы резеңке бес саусақты қолғап киеді. Ауыстырып отыруға халат, фартук, орамалдары үш данадан бар. Ас дайындау барысында, асхана ішінде санитарлық талаптарды орындайды.

Тұрмыстық техникадан келесі тіркелді:

Электр плитасы - 2 дана. Барлық плиталардың пештері жұмыс жасайды.

Тоңазытқыш (мұздатқыш камерасымен) - 1 дана, мұздатқыш - 1 дана, электронды таразы - 2 дана.

2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылы аралығында жалпыға бірдей міндетті білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарындағы әлеуметтік жағдайы төмен отбасынан шыққан оқушылар тегін тамақтанды 23оқушы ыстық тамақпен қамтылды.

ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 16 тамыздағы № 611 «Білім беру объектілеріне қойылған санитарлық – эпидемиологиялық талаптар» санитарлық қағидаларын бекіту туралы және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 598 «Орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру және мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында, тәрбиеленуші және білім алушы балаларды тамақтандыру қамтамасыз етуге байланысты тауарды сатып алу» қағидаларын бекіту бұйрықтарын орындау негізінде жалпыға бірдей міндетті білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарын тегін тамақтанумен қамтамасыз етуде мектеп бойынша 1-4 сынып оқушыларын тамақтанып отыр. Тамақтану

мәселелерін мектепке бекітілген жеткізуші ИП Аружан тағайындалды.

6. Ақпараттық ресурстар және кітапханалық қор

Шөптікөл жалпы орта білім беретін мектеп кітапханасы оқу ғимаратының екінші қабатында орналасқан. Кітапхананың жалпы ауданы: 32. ш.м. құрайды. Абонемент пен оқу залының ауданы 32 ш.м. Оқу залы 8 орын және ғаламторға қосылған 1 компьютермен жабдықталған. Абонемент залында – 3820 көркем шығармалар алфавиттік жүйемен орналастырылған және әр ғылым саласы бойынша: сөздіктер, ұстаздарға арналған газет-журналдар бұрышы, ертегілер, жаңа кітаптар, «Жер жаһаны-Баянауыл» кітап көрмесі жыл бойы, «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәмізі» «Тәуілсіздік киелі ұғымы 32 жыл» стенд, «Қазақстан Республикасы менің», «Мәдени мұра - ұлт мақтанышы» «Даналық мектебі» бұрышы «Кел балалар оқулық» буклет, « Бір ел - бір кітап» республикалық жыл кітабы Б.Соқпақбаевті оқимыз, «Кітапхана бұрышы» жыл бойы, «Атаулы мерей той иелері» қабырға стенд, «Қазақтың ұлы ғұламалары» қабырға стенд, «Абай дана, Абай дара Қазақта» кітап көрмесі, «Қазақтың Қанышы 125 жыл» кітап көрмесі, «Ертегілер еліне саяхат» мобильдік кітапхана «Менің алғашқы кітабым» бүлдіршіндер бұрышы, «Мен болашақ оқырманмын» бастауыш сынып бұрыштары, «Ана тілінің - арын біл» кітап көрмесі « Өлкетану» «Өлкеңді танығаның - өзінді танығаның» кітапханаға саяхат, «Ұрпаққа ұран болған , Ұлы жеңіс», «Ерліктерің ешқашан ұмытылмайды» тарихи көрме, «QR-кодпен оқылатын әдеби кітаптар» жоғары сыныптарға арналған, заманауи кітаптар бұрыштарымен, брошюралар, газет- журналдармен жабдықталған. Оқулықтар қорына арналған кітап қоймасында 4 сөрелерде оқулықтар сыныптар бойынша орналастырылған. Кітапхананың ұйымдастырып өткізген іс-шаралары, бейнероликтер, виртуалды көрмелер, оқырман конференциялары, әдеби танымдық кездесулер, «буккроссинг», «Coworking» орталығы, «Балдырғандар галереясы» жұмыс кестесі, кітапхананың желдету кестесі, градусник, огнетушитель т.б. заттармен жабдықталған. Республикалық «Бір ел-бір кітап» акциясы аясындағы жұмыстар мектеп сайтына жүктеледі. Арнайы "Оқуға құштар мектеп" жобасы, «Instagram», әлеуметтік желілерге ақпараттар уақытында жарияланады.

